- Sunny, S., Patrick, L., & Rob, L. (2019). Impact of cultural values on technology acceptance and technology readiness. *International Journal of Hospitality Management*, 77, 89-96. <https://doi.org/10.1016/j.ijhm.2018.06.017>
- Tapanes, M. A., Smith, G. G., & White, J. A. (2009). Cultural diversity in online learning: A study of the perceived effects of dissonance in levels of individualism/collectivism and tolerance of ambiguity. *The Internet and Higher Education*, 12(1), 26-34. <https://doi.org/10.1016/j.iheduc.2008.12.001>
- Taras, V., Kirkman, B. L., & Steel, P. (2010). Examining the impact of *Culture's consequences: A three-decade, multilevel, meta-analytic review of Hofstede's cultural value dimensions*. *Journal of Applied Psychology*, 95(3), 405-439. <https://doi.org/10.1037/a0018938>
- Taras, V., Steel, P., & Kirkman, B. L. (2011). Three decades of research on national culture in the workplace: Do the differences still make a difference? *Organizational Dynamics*, 40(3), 189-198. <https://doi.org/10.1016/j.orgdyn.2011.04.006>
- Taras, V., Steel, P., & Kirkman, B. L. (2012). Improving national cultural indices using a longitudinal meta-analysis of Hofstede's dimensions. *Journal of World Business*, 47(3), 329-341. <https://doi.org/10.1016/j.jwb.2011.05.001>
- Usunier, J.-C., & Roulin, N. (2010). The influence of high-and low-context communication styles on the design, content, and language of business-to-business web sites. *The Journal of Business Communication* (1973), 47(2), 189-227. <https://doi.org/10.1177/0021943610364526>
- van Atteveldt, W., Trilling, D., & Calderón, C. A. (2022). *Computational analysis of communication*. Wiley Blackwell.
- Vermeulen, I., & Hartmann, T. (2015). Questionable research and publication practices in communication science. *Communication Methods and Measures*, 9(4), 189-192. <https://doi.org/10.1080/19312458.2015.1096331>
- Vishwanath, A. (2003). Comparing online information effects: A cross-cultural comparison of online information and uncertainty avoidance. *Communication Research*, 30(6), 579-598. <https://doi.org/10.1177/0093650203257838>
- Vodosek, M. (2009). The relationship between relational models and individualism and collectivism: Evidence from culturally diverse work groups. *International Journal of Psychology*, 44(2), 120-128. <https://doi.org/10.1080/00207590701545684>
- Warren, L. K., & Sato, M. (2024). Multilingualism and native speakerism in academic journals' language policies: Exploring a potential power of applied linguistics journals in promoting equitable publishing practices. *Studies in Second Language Acquisition*, 46(3), 1-12. <https://doi.org/10.1017/S0272263124000068>
- Williamson, D. (2002). Forward from a critique of Hofstede's model of national culture. *Human Relations*, 55(11), 1373-1395. <https://doi.org/10.1177/00187267025511006>
- Würtz, E. (2005). Intercultural communication on web sites: A cross-cultural analysis on web sites from high-cobntext cultures and low-context cultures. *Journal of Computer-Mediated Communication*, 11(1), 274-299. <https://doi.org/10.1111/j.1083-6101.2006.tb00313.x>
- Xie, A., Rau, P. L. P., Tseng, Y., Su, H., & Zhao, C. (2009). Cross-cultural influence on communication effectiveness and user interface design. *International Journal of Intercultural Relations*, 33(1), 11-20. <https://doi.org/10.1016/j.ijintrel.2008.09.002>
- Xu, Z., & Croucher, S. M. (2025). A BERTopic extraction analysis of Hall's low and high-context communication. *Herald of Journalism*, 76(2), 4-13.
- Zeng, C., Permyakova, T. M., Smolianina, E. A., & Morozova, I. S. (2020). Exploring the relationships between employee burn-out, organizational dissent and work-family culture in Russian organizations. *Journal of Intercultural Communication Research*, 49(2), 119-132. <https://doi.org/10.1080/17475759.2020.1719430>
- Zhang, Y. B., Lin, M.-C., Nonaka, A., & Beom, K. (2005). Harmony, hierarchy and conservatism: A cross-cultural comparison of Confucian values in China, Korea, Japan, and Taiwan. *Communication Research Reports*, 22(2), 107-115. <https://doi.org/10.1080/00036810500120539>

Information about authors:

Zhonghao Xu – *Master of Analytics, Massey Business School, Massey University (Auckland, New Zealand; e-mail: xuwenbai@gmail.com).*

Stephen M. Croucher (*corresponding author*) – *Professor of Communication, Department of Communication, Clemson University (Clemson, United States; e-mail: smcrouc@clemson.edu).*

Shan Hu – *Doctoral Candidate, College of Humanities and Social Sciences, Massey University; Lecturer, Faculty of Literature, Xintu University (Auckland, New Zealand, e-mail: s.hu@massey.ac.nz).*

Boming Li – *Doctoral Candidate, College of Humanities and Social Sciences, Massey University (Auckland, New Zealand, e-mail: b.li4@massey.ac.nz).*

Авторлар туралы мәлімет:

Чжунхао Сюй – *аналитика магистрі, Мэсси бизнес мектебі, Мэсси университеті (Окленд, Жаңа Зеландия; e-mail: xuwenbai@gmail.com).*

Стивен М. Краучер (*корреспондент-автор*) – *коммуникация профессоры, коммуникация департаменті, Клемсон университеті (Клемсон, АҚШ; e-mail: smcrouc@clemson.edu).*

Шань Ху – *докторант, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар колледжі, Мэсси университеті; Синту университеті әдебиет факультетінің лекторы (Окленд, Жаңа Зеландия, e-mail: s.hu@massey.ac.nz).*

Бомин Ли – *докторант, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар колледжі, Мэсси университеті (Окленд, Жаңа Зеландия, e-mail: b.li4@massey.ac.nz).*

Сведения об авторах:

Чжунхао Сюй – *магистр аналитики, Бизнес-школа Мэсси, Университет Мэсси (Окленд, Новая Зеландия; e-mail: xuwenbai@gmail.com).*

Стивен М. Краучер (*автор-корреспондент*) – *профессор коммуникаций, департамент коммуникаций, Университет Клемсона (Клемсон, США; e-mail: smcrouc@clemson.edu).*

Шань Ху – *докторант, колледж гуманитарных и социальных наук, Университет Мэсси; лектор факультета литературы, Университет Синту (Окленд, Новая Зеландия, e-mail: s.hu@massey.ac.nz).*

Бомин Ли – *докторант, колледж гуманитарных и социальных наук, Университет Мэсси (Окленд, Новая Зеландия, e-mail: b.li4@massey.ac.nz).*

Received: March 26, 2026

Accepted: May 14, 2026

FTAMP 19.45.09

<https://doi.org/10.26577/HJ80220262>

Г. Төлекова^{1*}, М. Жагипарова¹, А. Қаршығаева¹,
Б. Аринова², Т. Орнықбай³

¹«Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

³Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, Алматы, Қазақстан

*e-mail: g.tulekova@turan-edu.kz

БАҚ-ТАҒЫ ҚАЗАҚ КИНОСЫ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ НАСИХАТТАЛУЫ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК МЕДИАДИСКУРСАРДЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Кино – кез келген халықтың рухани өмірінің айнасы. Кино арқылы ұлттық мәдениеттің ерекшеліктері, тарихы мен салт-дәстүрі, халықтың болмыс-бітімі айшықталады.

Қазақ киносының тарихы ХХ ғасырдың алғашқы жартысынан бастау алады. Қазақ кинематограф саласы Кеңес одағының мәдени жобалары аясында қалыптасты. Тұңғыш рет 1938 жылы «Амангелді» фильмі түсіріліп, қазақ халқының азаттыққа ұмтылған күресін көркемдік тұрғыда шебер ұсынды.

Шәкен Аймановтың «Атаманның ақыры», «Тақиялы періште» сияқты фильмдері қазақ киносының ең жарқын үлгісі болды. Ұлттық киноның дамуына Мәжит Бегалин, Абдолла Қарсақбаев, Ораз Әбішев, Сатыбалды Нарымбетов сияқты классик режиссерлер зор үлес қосты. Тәуелсіздік жылдары Дәрежан Өмірбаев, Ақан Сатаев, Рүстем Әбдірашев, Ермек Тұрсынов, Тимур Бекмамбетов сияқты талантты режиссерлер оны жаһандық дәрежеге жеткізе білді. Қазақ халқының рухани бай мұрасы, тарихы мен мәдени болмысын бейнелеу кино өнерінің басты тақырыптарының біріне айналды. Түсірілген фильмдер ұлттық рух пен патриотизмді жаңғыртуға үлес қосты.

Мақаланың мақсаты – БАҚ-тағы қазақ киноөнімдерінің дискурсын синтездеу арқылы ұлттық құндылықтардың масс-медиадағы насихатталу үрдістерін ғылыми тұрғыда саралау.

Зерттеудің деректік мазмұны «Жас қазақ», «Ана тілі», «Алты алаш», «Ақжүніс-Астана», «Жас алаш», «Жас қазақ үні» сияқты ұлттық басылымдар мен el.kz, e-history.kz ақпараттық-сайттардың материалдарын қамтиды.

Мақалада зерттеудің салыстырмалы дискурстық талдау, мазмұндық-типологиялық жіктеу әдістері қолданылады. Теориялық-эмпирикалық тәсіл ұлттық құндылықтардың цифрлық және дәстүрлі медиада көрсетілуін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесінде отандық киноның дамуын қолдаудың негізгі медиа құралдары бір жүйеге түсірілді. Сараптамалық кино сынының мәдени капиталды құру және Қазақстанның халықаралық имиджін нығайту факторы ретіндегі маңыздылығы анықталды. Мақаланың ғылыми құндылығы мамандандырылған медиа дискурстың негізінде жатқан тетіктерді терең қарастыру және қазіргі медиақұрылымдар жағдайында кәсіби киножурналистика алдында тұрған проблемаларды анықтаудан көрініс табады.

Түйін сөздер: БАҚ, киножурналистика, қазақ киносы, режиссура, киноөндіріс, кинофестиваль, медиадискурс, медиажүйе.

G. Tulekova^{1*}, M. Zhagiparova¹, A. Karshigayeva¹,
B. Arinova², O. Toktabay³

¹Turan University, Almaty, Kazakhstan

²L.N. Gumilyov Eurasian National University, Almaty, Kazakhstan

³Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: g.tulekova@turan-edu.kz

Coverage of Kazakh Cinema in the Media: A Comparative Analysis of Domestic and Foreign Discourses

Cinema serves as a mirror of a nation's spiritual life, revealing the peculiarities of national culture, history, traditions, and everyday existence. The history of Kazakh cinema dates back to the first half of the 20th century, evolving within the framework of Soviet cultural projects. The first Kazakh sound fea-

Prominent examples of Kazakh cinematography include the works of Shaken Aimanov, such as *The End of the Ataman* and *Angel in a Skullcap*. Directors like Mazhit Begalin, Abdulla Karsakbayev, Oraz Abishev, and Satybaldy Narymbetov made significant contributions to the development of national cinema. Since independence, directors including Darezhan Omirbayev, Akan Satayev, Rustem Abdrashev, Ermek Tursunov, and Timur Bekmambetov have elevated Kazakh cinema to a global level. One of the central themes of modern cinema was the representation of the rich spiritual heritage and cultural identity of the people. The films made contributed to the revival of the national spirit and patriotism.

The purpose of the article is the scientific differentiation of trends in the promotion of national values in the media by synthesizing the discourse of Kazakh film production in the media.

The documentary content of the study includes materials from national publications and el.kz, e-history.kz information sites such as *Zhas Qazaq*, *Ana Tili*, *Alty Alash*, *Akzhunis-Astana*, *Zhas Alash*, and *Zhas Qazaq Uni*.

The article uses methods of comparative discourse analysis of research, content-typological classification. The empirical approach has allowed the interpretation of ways of representing national values in digital and traditional media.

Results indicate that key tools of media support for Kazakhstani cinema have been systematized, highlighting the importance of expert film criticism in forming cultural capital and strengthening Kazakhstan's international image. The scientific value of this article lies in its in-depth analysis of specialized media discourse and the identification of challenges within professional film journalism in the modern media system.

Keywords: media, film journalism, Kazakh cinema, directing, film production, film festival, media discourse, media system.

Г. Тулекова^{1*}, М. Жагипарова¹, А. Каршигаева¹,
Б. Аринова², Т. Орныкбай³

¹Университет «Туран», Алматы, Казахстан

²Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Алматы, Казахстан

³Казахская национальная академия искусств имени Т.К. Жүргенова, Алматы, Казахстан

*e-mail: g.tulekova@turana.edu.kz

Освещение темы казахского кино в СМИ: сравнительный анализ отечественного и зарубежного дискурсов

Кино – зеркало духовной жизни любого народа. Через кинематограф раскрываются особенности национальной культуры, история, традиции и быт. История казахского кино берет начало в первой половине XX века. Первым звуковым художественным фильмом стала картина «Амангельды» (1938 г.), представившая зрителям борьбу казахского народа за свободу.

Ярчайшими образцами национального киноискусства стали работы Шакена Айманова, такие как «Конец атамана» и «Ангел в тюбетейке». Значительный вклад в развитие отрасли внесли режиссеры-классики: Мажит Бегалин, Абдулла Карсакбаев, Ораз Абишев, Сатыбалды Нарымбетов. В годы независимости талантливые постановщики – Дарезжан Омирбаев, Акан Сатаев, Руслан Абдрашев, Ермек Турсун, Тимур Бекмамбетов – вывели отечественное кино на мировой уровень. Одной из центральных тем современного киноискусства стала репрезентация богатого духовного наследия и культурной самобытности народа. Снятые фильмы способствовали возрождению национального духа и патриотизма.

Цель статьи – научная дифференциация тенденций пропаганды национальных ценностей в масс-медиа путем синтеза дискурса казахской кинопродукции в СМИ.

Документальное содержание исследования включает материалы национальных изданий и el.kz, e-history.kz информационных сайтов, таких как «Жас казак», «Ана тілі», «Алты алаш», «Ақжүніс-Астана», «Жас алаш», «Жас казак үні».

В статье используются методы сравнительного дискурсного анализа исследования, содержательно-типологическая классификация. Теоретико-эмпирический подход позволил интерпретировать способы репрезентации национальных ценностей в цифровых и традиционных СМИ.

В результате исследования систематизированы ключевые инструменты медийного сопровождения развития отечественного кино. Определена значимость экспертной кинокритики как фактора формирования культурного капитала и укрепления международного имиджа Казахстана. Научная ценность статьи заключается в углубленном анализе механизмов функционирования специализированного медиадискурса и выявлении проблем профессиональной киножурналистики в условиях современной медиасистемы.

Ключевые слова: СМИ, киножурналистика, казахское кино, режиссура, кинопроизводство, кинофестиваль, медиадискурс, медиасистема.

Кіріспе

Қазақ киносы ұлттық тарихи мәдениеттің басты құндылығы ретінде қазіргі кезеңге дейінгі даму жолында БАҚ беттерінде түрлі жанрлық сипатта көрініс тауып келеді. Ұлттық кинематография кеңестік кезеңнен бастау алып, қазіргі халықаралық аренада танымалдылыққа ие болды. Алғашқы киноиндустрияның негізі 1930 жылдары Алматыда кеңестік үгіт-насихат құралы ретінде деректі фильмдер шығарудан басталды. Қазақтың тұңғыш «Амангелді» (1939) көркем фильмінде 1916 жылғы революцияның жетекшісі Аманкелді Имановтың бет-бейнесі тарихи кезеңмен ұштастыра сомдалды.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда «Мосфильм» мен «Ленфильм» Алматы қаласына эвакуацияланып, 1944 жылға дейін шығармашылық жұмысын жалғастырды. Орталық Біріккен киностудия құрылып, кеңестік отандық көркемсуретті фильмдердің 80% осы студиядан экранға жол тартты. Соғыс аяқталған соң Қазақ КСР киноиндустриясының жемісті еңбек етуіне, қоғам қайраткері әрі белгілі режиссер Шәкен Айманов үлес қосты. 1984 жылы «Қазақфильм» киностудиясына оның есімі беріліп, студиядан тарихи дастандар туралы түсірілген «Қыз-Жібек» (1970) және «Атаманның ақыры» сияқты (1970) экшн-фильмдер көрсетілді.

1980 жылдардың соңы мен 1990-шы жылдардың басында «Жаңа қазақ толқыны» деп аталатын кезең басталды. Бұл фильмдерде провинция мен мегаполистің қарама-қайшылығы, алко және наркомания, суицид сияқты тақырыптар көрініс тапты. Соның ішінде «Ине» («Игла») фильмі (реж. Р. Нугманов) бүкіл Кеңес одағының «қайта құру» кинематографының символына айналғандай әсер қалдырды.

Талантты режиссер Сатыбалды Нарымбетовтың алғашқы «Жас аккордеоншының өмірбаяны» атты «жұлдызды» фильмі оны әлемдік деңгейдегі киношеберлер қатарына қосты. Оған 1996 жылы ҚР Мемлекеттік сыйлығы берілді. Бұған дейін Нарымбетов бірнеше толықметражды көркем фильм мен деректі картиналар түсірді. Оннан астам фильмге сценарий жазып, бірнеше повестер жинағын шығарды. «Жас аккордеоншының өмірбаяны» фильмі ең беделді халықаралық кинофорумдарда жүлделер алып, рекордтық көрсеткішке ие болды.

Ал тәуелсіздік жылдары қазақстандық кино дамуында айтарлықтай өзгерістер пайда болды. 1999 жылдан бастап «Сорос-Қазақстан» қоры-

ның қаржылық қолдауымен жыл сайын «Жаңаша қараймыз» атты жастар киносының фестивалі өткізіле бастады. 2005 жылы отандық кино тарихында өзіндік даралық танытқан «Көшпенділер» фильмі экранға жол тартты. Бірақ «Көшпенділерге» шетелдік актерлердің түскені халықтың наразылығын тудырып, сын-пікірге ұшырады. Бұл туралы журналист Назым Дүтбаева «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Қазақ елі» «Көшпенділердің» керін қайталамайды» атты мақаласында кинотанушы Бауыржан Нөгербектің мынандай пікірлерін келтіреді: «Абылай (Куно Беккер) Ералы деген кішкене баланы көргенде оған деген ықыласын баланың иегін қолымен көтеріп, жағынан қағып білдіреді. Мұның бәрі американдық фильмдегі іс-әрекеттерді көрсетеді. Қазақ балаға сүйсінгенде басынан сипайды, арқасынан қағады» (Дүтбаева, 2015). Осы тұста қазақ киносын өзге сипатқа енгізіп жіберуге болар болмас детальдің әсер еткенін ескерсек, хандар туралы сериалға тек өз еліміздің актерлері қатысып жатса мұндай олқылық туындамас еді деген ой түйіндеуге болады.

2010 жылдан Қазақстан кинематографиясы қоғамды шынайы бейнелейтін драма, комедия, тарихи фильм, ғылыми-фантастика сияқты жанрлық үлгілерді ұсынды. 2024 жылы қазақстандық коммерциялық бағытта түсірілген фильмдерден прокат арқылы 22 миллиард теңге жиналды. Мысалы, Думан Еркімбектің дебюттік толықметражды фильмі «Qaitadan» бір айдың ішінде бір миллиард теңге пайда тапты. «Бұл сома 2023 жылмен салыстырғанда 30%-ға артық», – дейді Top Pro Cinema орталығының бас директоры Александр Аксютин «Курсив-медиа» сайтына берген сұхбатында (Әбітай, 2025).

Журналист Ақсәуле Әбітайдың 2025 жылдың 26 наурызында «Курсив-медиа» сайтында жариялаған «Қазақстандық кинокомпаниялар қанша салық төлейді?» атты сұхбатындағы деректерге сүйенсек, «Өнер қырандары» шығармашылық ұжымы түсірген «Молда» фильмі бір миллиард теңге түсіріп, 2023 жылы бюджетке 3 млн. теңге, 2024 жылы 21 мың теңге салық төлеген. Фильмде бұрынғы бандиттік өмірден қашып, жан тыныштығын мешіттен тапқан жігіттің оқиғасы баяндалады. Басты рөлде – Мадияр Серікбаев.

2025 жылы миллиард жинаған фильм – Tartaria Films киностудиясы түсірген «Дәстүр» хорроры. Фильм режиссері – Қуаныш Бейсек. Демеушісі – продюссер Алмас Жәлі және оның Brave

Talants компаниясы. 2022-2023 жылдар компания 110-200 млн. теңге көлемінде салық төлеген. Ал фильм шыққаннан кейінгі 2024 жылы бюджетке 427 млн. теңге салық күйған.

Баян Алагөзованың «VM Production» атты проюссерлік орталығы «Бақыт», «Тракторшының махаббаты», «Пауза» тәрізді фильм-се-

риалдардан миллиардтаған қаржы түсірген. 2024 жылы жарыққа шыққан «Жауап бер» атты фильмнің оқиға желісінде Салтанат Нүкенованың өмірімен ұқсастық бар екендігі байқалады. Ашық деректерге сүйенсек, орталықтың 2023 жылы жалпы түсімі 1 млрд. 113 млн. теңгені құраған (1-кесте).

1-кесте

Қазақстан киноиндустриясының қаржылық деректер кестесі

Жыл	Фильм / Компания	Көрсеткіш түрі	Сума (теңге)
2024	Қазақстан коммерциялық фильмдері	Жалпы прокат табысы	22 млрд.
2024	Қазақстан кино нарығы	2023 жылмен салыстырғанда өсім	+30%
2024	«Qaitadan» (Думан Еркімбек)	1 айдағы табыс	1 млрд.
2023	«Молда» фильмі	Төленген салық	3 млн.
2024	«Молда» фильмі	Төленген салық	21000 т.
2022-2023	Brave Talants	Жылдық салық	110-200 млн.
2024	Brave Talants	Жылдық салық	427 млн.
2023	VM Production	Жалпы табыс	1 млрд. 113 млн.
2023	Sataifilms	Салық	9 млн.
2024	Sataifilms	Салық	12 млн.
2025	«Рэкетир-3»	Салық	600 млн.

Ескертпе: Автор құрастырған

Ақан Сатаевқа тиесілі «Sataifilms» киностудиясы «Рэкетир», «Районы», «Жаужүрек мың бала» және «Томирис» тәрізді фильмдерді түсірген. 2025 жылы «Рэкетир-3» жарыққа шықты. Киносыншылар фильмге біраз мін таққанымен, танымалдылығы мен қалыптасқан атауы өз жемісін берді. Алғашқы екі аптада «Рэкетир-3» 600 млн. теңге жинап алды. Соның нәтижесінде Satai Film 2023 жылы 9 млн. теңге, 2024 жылы бюджетке 12 млн. теңге, күйған.

Прокаттан алғашқы миллиардтап табыс тапқан Нұрлан Қоянбаев және оның компаниялары болды. Қазақ көрермендері үшін жыл сайын «Бизнес по-казахскийді» көру дәстүрге айналды. Режиссердің «Моя любовь Айсүлу», «Каникулы в Тайланде» фильмдері де көпке танымал. Қоянбаевтың бизнес жайлы фильмдері Kazteleproduct компаниясының студиясынан жарыққа шыққан (2-кесте).

2-кесте

Қазақстан киноиндустриясының экономикалық көрсеткіштері (2024-2025). Қазақстан фильмдерінің прокат табысы

Көрсеткіш	теңге
2024 ж. коммерциялық фильмдердің жалпы табысы	22 млрд. ₸
2023 жылмен салыстырғандағы өсім	+30%

Ескертпе: Автор құрастырған

Сондай-ақ қазақ киносы халықаралық фестивальдерде жүлделі орындарға ие болып, әлемдік кино мәдениетіне де үлес қосты. Ұлттық режиссерлер мен актерлердің шығармашылығы Нью-Йорк, Франкфурт, Лиссабон және басқа қалалардағы фестивальдерде жоғары бағаланып,

экрандардан көрсетілді. Осы ретте қазақ киносының ерекшеліктері жайында еліміздің БАҚ құралдары да түрлі жанрларда мақалалар жариялап, проблемалар көтерді. Фестивальдерде жеңімпаз атанған фильмдерді қоғамға насихаттай бастады. Қазақ киносценарийлерінің мазмұны ұлттық тарих, салт-дәстүр мен руханиятты экранда бейнелеуге арналды. Мысалы, «Күлтөбе» тарихи фильмі қазақ халқының бай тарихы мен мәдениеті туралы маңызды деректерді қамтыды (kaznai.kz). Кино экрандардан тұрмыстық жағдайда кездесетін зорлық-зомбылық көріністері мен жемқорлық сипатта туындаған зардаптар, қайырымдылық жасаудың атын жамылған әлеуметтік мәселелер көрініс тауып, қоғамның назарын аударды. Фильмдерде қазақша саундтректердің қолданыс табуы да ерекше ұлттық сипат дарытты. Режиссерлер жаңа технологиялар мен креативті идеяларды қолданып, әлемдік аренада қазақ киносының танымалдылыққа ие болуына атсалысты.

Журналист Айдана Аламанның «Жас қазақ үні» басылымының 2011 жылғы 14 қазан күнгі санында жарық көрген «Қазақ киносы көбейіп келеді» атты мақаласында қазақ кино өнерін дамытудың мүмкіндіктерінің бірі ретінде фестивальдер ұйымдастыру қажеттігі баяндалады. Себебі фестивальдер кинематографистердің байланысын нығайту мен тәжірибе алмасу мақсатында өткізіледі. Кино саласының табысы мен даму бағыттарын айқындауға көмегін тигізеді. Осы орайда елімізде 2000 жылдан бастап өткізілген «Шәкен жұлдыздары», «Астана экшн», «Бастау», «Дидар» сынды кинофестивальдер Қазақстан имиджін қалыптастыруға үлес қосты. Өзіміздің кинокартиналарымызды шетелдік көрермендер үшін ұсынуға жол ашылды.

Осы ретте журналистің деректеріне сүйенсек, осындай мүмкіндікті ең алғаш туғызған Халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің негізі 1998 жылы қаланған. Оған 200-ден астам журналист қатысып, әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған 35 елден 170-тен астам кинотуынды әкелінген. Ал 2011 жылы 130-ға жуық шетелдік кинорежиссер мен актер келіп, 20-ға жуық мемлекеттің өкілі қонаққа шақырылған. Қонақтардың арасында Голливудтан Чак Рассел, Сигурни Уинтер, Джон Кьюсак, Елена Корикова, Сергей Астахов, Вадим Колганов сияқты актерлар болған (Аламан, 2011).

Журналист мақалада фестиваль өткізуге кеткен шығындарға ерекше назар аударғандығы байқалады. Мәселен 2007-2008 жылдары фести-

вальге қатысқан шетелдік актерлардың гонорары 87,1 млн. теңгені құраған. Бірақ журналист мемлекеттік қаржының көп жұмсалғандығына назар аударғанмен, «шығын шықпай, кіріс те кірмейді» деп те ой түйіндеп өтеді. Соған қарамастан сарапшылардың айтуынша, кинофестиваль Орта Азиядағы ең ірі кинобайқау деп бағаланған. Сонымен қатар әлемдік кинофестивальдер каталогына кірген қазақстандық жалғыз фестиваль осы болған.

2011 жылы Лондонда «ҚазМұнайГаз Кен барлау» АҚ ІРО-ның Лондонның қор биржасына шығуының 5 жылдығына орай «Қазақ киносының күндері» өткен болатын. Апталықта «Қазақфильм» әртүрлі жанрда түсірілген 12 фильм ұсынып, оған отандық үздік продюсерлер мен режиссерлер қатысады. Апталықтың өтіп жатқаны туралы «Financial Times», «Evening Standard», «Times Metro» сияқты шетелдік басылымдар да арнайы материалдар беріп отырады. Ал «Көшпенділер» фильмінің жарнамасы сол күндері Лондон метросының станцияларында ілулі тұрады. Лондон метросымен бір күнде 3 млн. адам өтетінін ескерсек, жарнаманың қандай деңгейде әсерлі болғандығын аңғара аламыз. Сонымен бірге Ұлыбритания Кинематографистер институтының өте беделді «Sight and Sound» атты басылымында «Қазақфильм» туралы мақала жарық көреді. Осы шара туралы журналист Н. Абудовтың «Жас Алаш» газетінің 2011 жылғы 8 қарашасында «Лондонда қазақ киносының күндері өтті» мақаласында толық ақпарат беріледі.

Лондонда «Қыз Жібек», «Транссібір экспрессі» секілді классикалық үлгіде түсірілген фильмдер де көрсетіледі. Сонымен қатар Егор Михайлович Кончаловскийдің «А-ға қайтып оралу» фильмі де ұсынылады. Бұл фильм 2011 жылы «Шетел тіліндегі ең үздік фильм» номинациясы бойынша АҚШ кинокомедиясының атақты «Оскар» сыйлығын иеленді. Фильм еліміздің 3D форматында түсірілген алғашқы кинотуынды болды. Бұл фильмде Ауғанстаннан оралғанына талай жыл болған қазақстандық жауынгердің қолына қайта қару алуына мәжбүр болуы, яғни оның толық тағдыры баян етіледі.

Журналист Н. Абудов мақалада Лондонда көрсетілген Ермек Тұрсыновтың «Келін» атты фильміндегі Күн-Тәңірге табынатын, өздерін Көк-Бөрінің ұрпағымыз деп есептейтін халықтың көне заманғы баяны ағылшындарды қатты қызықтырғаны жөнінде айтып өтеді. Фильм Монакода өткен халықаралық кинофестивальде бас

жүлдені жеңіп алып, сонымен бірге Нью-Йоркте өткен Еуразиялық кинофестивальде арнайы жүлдеге ие болған. Сондай-ақ Лондон көрермендері Сламбек Тәуекелдің «Жерұйық» фильмін де қызыға тамашалаған. Фильмде Қазақстанның 1930 жылдардағы ауыр ахуалы мен азапты күндері бейнеленген.

Апталықта қазақ киноклассикасының жарқын үлгілерінің бірі «Транссібір экспресінің» жалғасы ретінде түсірілген «К мырза, сіз кімсіз?» атты фильмі де көрсетіледі. Ондағы оқиға Асанәлі Әшімовтың аса шебер ойынының нәтижесінде сәтті шыққандығын байқай аламыз. Екі фильмде де ары мен абыройын жоғары ұстайтын рухы биік, сом тұлғаның бейнесі жасалған. Режиссер Ақан Сатаевтың «Жоюшы» фильмінде басты рөлдерді ойнаған ағылшынның кәсіби актері Винни Джонспен бірге Берік Айтжанов, Қарлығаш Мұхамеджановалар да Лондондағы көрермендердің ризашылығына бөленеді.

Қазақ киносы күндері Ақан Сатаевтың «Адасқандар» атты фильмі де көрсетіледі. Басты рөлді Ресей актері Андрей Мерзликин ойнаған. Одан басқа Қанағат Мұстафиннің «Серпіліс», ақын өмірін арқау еткен Досқан Жолжақсынов пен Рымбек Әлпиевтің «Біржан сал» фильмі көрсетілді. Киноапталық Лондонның «Аполлон» атты кинотеатрында өткізілді. Кинотеатрдың бас менеджері Тома Дим: «Қазақстанның киноапталығының Лондонда өткізілуі бізді қатты қуантты. Өз басым осы апталықты ұйымдастыруда қазақстандықтардың батылдығына, жанышырлығына тәнті болдым. Фильмдер де керемет іріктелген. Мұнда қазақтың классикалық кинолары да бар және заманауи фильмдер де ерекше көзге түседі. Болашақта Қазақстанда кино өнері ерекше дамып, үлкен киноөндіріс пайда болады деп кәміл сенемін» деген болатын (Абудов, 2011. 6 б).

Әдебиеттерге шолу

Кино өнері мен киномузыканың эстетикалық танымын терең зерттеуде шетелдік ғалымдар В. Беньяминнің, О. Аронсонның, Т. Адорноның, Ж. Делездің еңбектері ерекше маңызға ие болды.

Неміс философы, өнертанушы ғалым Вальтер Беньяминнің «Техникалық репродуктивтілік дәуіріндегі өнер туындысы» еңбегінде киноға ерекше орын беріледі. Ол киноны техникалық репродукция дамуының ең басты және ең әсерлі саласы ретінде қарастырады. Беньяминнің ең маңызды тұжырымдарының бірі – аура ұғымы.

Аура — өнер туындысының бірегейлігі, қайталанбайтындығы, оның тарихи-кеңістіктегі контекстімен тығыз байланысын көрсетеді. Кино мен фото сияқты техникалық құралдар бұл аураны жояды, өйткені олар шығарманы шексіз көбейтіп, кең аудиторияға таратады. Кино – аураның жоғалуын тездететін негізгі форма болып есептеледі. Беньяминнің пікірінше, кино өнерді көпшілікке түсінікті әрі қолжетімді етеді (Беньямин, 2004).

Ресейлік өнертанушы О. Аронсонның «Кино және философия. Мәтіннен образға» атты еңбегінде фильм тілінің кадрға, монтажға байланысты қалай өзгеріске ұшырайтыны туралы философиялық терең түсінік беріледі. Зерттеуші кино тарихын екі түрлі тәжірибелік көзқараста синтездейді. Біріншіден, **киноны өнер деп бағаласа**, фильмдегі мәтіндердің де оған әсер ететінін байқатады. Сондай-ақ фильмдегі кадрлар мен монтаждың да көркем құралдардың рөлін атқара алатынын жеткізеді. (Аронсон, 2018).

Екіншіден, кино шығармашылық туынды болғандықтан түрлі қоғамдық ортаға арналады. Кітапта киноның басты элементтері кадр, монтаж, ірі план туралы зерттеулер ұсыныла отырып, тұлғалық образ тудыруда кейде дәстүрлі мәдени белгілерден алшақтап кететіні назар аудартады. Зерттеуде кинодағы көркем құралдардың тілдік мағынаға ие болып, көрермен эмоциясын басқаруға тікелей әсер ете алатыны баяндалады.

Неміс зерттеушілері Макс Хоркхаймер мен Теодор Адорноның «Ағартушылық диалектикасы» (1947) кітабындағы «Мәдени индустрия» бөлімі кино туралы сыни зерттеулерге орын береді. Бұл философиялық туынды ең алғаш «критикалық теорияның» іргетасын қалаған болатын. Авторлардың еңбегі өткен ғасырдың ортасында жарыққа шықса да идеялық құндылықтар жағынан өзектілік танытып отыр. Оған әлеуметтік желілердің ықпалы мен жасанды интеллекттің дамуын қоссақ, Адорно мен Хоркхаймердің кино индустрияға жасаған талдаулары маңызын жойған жоқ. Авторлардың талдаулары қазіргі сандық мәдениетпен салыстырғанда ескілеу болып көрінгенмен қабылдау тәсілін одан сайын арттыра түсетіні айқын (Адорно & Хоркхаймер, 2016).

Яғни, адам мәдени өнімді тұтынған кезде тек фильм немесе радиобағдарламаны ғана қабылдамайды. Оны білмей тұрып, капиталистік жүйенің мәнін, құндылықтарын және мақсаттарын бойына сіңіреді. Мәдени индустрия мұны бар-

лық өнімдері арқылы үздіксіз жаңғыртып отырады.

Француз философы Жиль Делездің «Кино» («Cinéma») атты екі томдық еңбегі 1983 және 1985 жылдары жарық көрді. Делез бұл еңбегін «Кино логикасы туралы кітап» деп атайды. Онда ол киноға тән бірнеше негізгі ұғымдарды анықтап, оларды философиялық деңгейде талдайды. Кітапта негізгі ұғымдар ретінде қозғалыс, образ, тану және уақыт ұғымдары зерттеледі. Автор «Киноны» жаңа кинематографиялық теория ретінде ұсынады (Delez, 2016).

Алайда ол бұған дейін дәстүрлі кинотану ғылымының терминдерін қабылдамаған болатын. Оның орнына киноның өз тілінен алынған, өзі жасаған жаңа философиялық ұғымдар жүйесін пайдалануға тырысады. Яғни, Делез үшін кино – жай өнер емес, өзіндік логикасы, өз заңдылықтары және уақыт пен қозғалысты ерекше түрде көрсететін күрделі философиялық құбылыс.

Индонезияның «ProTVF» журналында жарияланған Паджаджаран университетінің ғалымдары Rully Khairul Anwar, Arslin Aqylah Mu'yidarramatillah, Yunus Winoto-ның «Trends and structures in film criticism research: A bibliometric review (2025)» атты мақаласында кино туралы сыни (film criticism) зерттеу әдебиеті кеңінен талданады. Ғылыми зерттеу Scopus-тан алынған деректерге негізделген. Мақалада кино зерттеулерінің маңызды бөлігін құрайтын трендтер мен терең көзқарастардың зерттеу динамикасы ұсынылады.

Зерттеуде кино сынының маңыздылығы ашылып, саяси-мәдени көзқарастарды қамтитын бейне эсселер мен подкасттарға талдау жасалады. Сондай-ақ киносыншылық ұғымының көркемсуретті фильмдер түсіргенде маңызды болып саналатыны айқындалады. Мысалы, сыни көзқарас режиссерлер мен академиктер, сондай-ақ журналистер тарапынан көп кездеседі. Журналистік сын көпшілік аудиторияға арналған фильмдерге баға беріп қоймай, оның дамуына да көмегін тигізеді. Осы ретте «Индонезиялық кинокерермендер қауымдастығының» пікірлеріне назар аударсақ, онда киносыншылықтың ерекшеліктерін зерттеу процесіне негізделген салыстырып, талдау мен бағалау деп ұғына түсеміз (Anwar et al., 2025).

«New Review of Film and television Studies» журналы экран мәдениетінің теориясы мен тарихы туралы медиазерттеулер жасап, оның эстетикасы және саясаты туралы ғалымдардың

рецензияларын жариялап тұрады. Медиа зерттеулердің кең анықтамасын ұстана отырып, NRFTS цифрлық, дыбыстық, бейне және веб-медиа туралы мақалаларды жариялау үшін қабылдайды. Журнал әсіресе медиа мамандар мен ғалымдардың материалдарын, сондай-ақ әртүрлі көзқарастарға негізделген ғылыми жұмыстарды құптайды. Сондай-ақ қатаң интеллектуалды стандарттарды ұстанады және оқырмандардың кең ауқымды аудиториясына қол жетімді болуға тырысады. Әр тоқсан сайынғы басылымда маңызды ғылыми мақалалар, халықаралық БАҚ-ты зерттеуге арналған маңызды кітаптарға шолу үздіксіз жарияланады. Зерттеу барысында тақырыпқа қатысты осы журналда жарияланған бірнеше мақалаға назар аударуға тырыстық. Соның ішінде Томас Остиннің «Black and white in colour: looking across race in Spike Lee's Clockers and Summer of Sam» («Қара және ақ түсті»: Спайк Лидің «Сағат» және «Сэмнің жазы» фильмдеріндегі нәсілдік мәселелерге көзқарас») атты зерттеу эссесінде автор режиссер Спайк Лидің екі фильмін қарастырады. Онда Нью-Йорктегі еврей халқының криминалист жазушысы Ричард Прайстың романы негізінде түсірілген «Сағат» (1995) және итальяндық Виктор Колико мен Майкл Имперолидің бастапқы сценарийін қайта өңдеген «Сэмнің жазы» (1999) фильмдері талданады. Бұл жөнінде автор: «Clockers ақ нәсілділер қара нәсілділердің өмірін сақтап қалуға және жақсартуға жауапты екендігі туралы нормативтік түсініктерге күмән келтірмесе де, Sam Summer ақ феноменге неғұрлым күрделі және терең талдау жасауды ұсынады» (Austin, 2025), – дейді.

Брэдли Дж. Диксонның «Self-reflexive stardom and the early television sitcom: parafictional persona in The George Burns and Gracie Allen Show» зерттеу мақаласында АҚШ-тағы алғашқы комедиялық телешоулар туралы шолу жасалады. Онда актерлардың өзін-өзі танытуы басым екендігін атап өтеді. Өзін-өзі көрсету әдетте телехабар таратудың жасандылығына назар аударатын формальды және презентациялық әдістердің жиынтығын білдіреді. Алайда, өзін-өзі көрсетудің басқа түрлерден айырмашылығы бөлек қарастыруға лайық парафикшенді қолдану арқылы көрініс табады. Парафикшен – шындық пен фантастика арасындағы шекараны жойып, актерлердің өздерін ғана бейнелейтін баяндау құралы.

Теледидардың алғашқы даму кезеңінде парафикшияны ең көп және тиімді қолдана бастаған

бағдарлама – бұл «Джордж Бернс пен Грейси Аллен шоуы» (1950-1958). Бағдарламада шынайы өмірдегі кинокомедиялар мен өмірлік серіктестер Джордж Бернс пен Грейси Алленнің ойдан шығарылған отбасылық өмірін көрсететін ситком (жағдаяттық комедия) болып саналады. Шоу көбінесе Бернс пен Алленнің өміріндегі нақты оқиғаларға негізделген, көбінесе олардың театр өнерінің жанры водевильдер мен радиожиліктердегі мансабына сілтеме жасайды (Dixon, 2025).

Кино зерттеулер саласындағы ғылыми тұжырымдарды «Revista Panamericana de Comunicación» журналынан табуға болады. Осы тұрғыдан келгенде шетелдік ғалымдар Thaís Dias Medeiros, Samile Andréa de Souza Vanzтың «Mapping international research in Cinema, Audiovisual, and Animation: A metric study in Scopus» атты мақаласына назар аударуға тырыстық (Medeiros & Vanz, 2025). Мақалада Scopus мәліметтер базасындағы кино, аудиовизуал мен анимацияны зерттеудің халықаралық ғылыми нәтижелері көрсетілген. Ол библиометрияны өзінің әдіснамалық тәсілі ретінде қолданады. Ғалымдар зерттеудегі жарияланым тілдерінің әртүрлілігін анықтай келіп, ағылшын тілі ең көп қолданылатын тіл болып саналатынын айтады. Мақалада көркемсуретті фильмдердің типологиясы басым зерттеледі. Бұл жөнінде авторлар: «Кино өнері саласындағы жарияланымдардың тенденциясын қарастыру барысында Ұлыбритания мен Испанияның журналдары ерекше көзге түседі. Кино, аудиовизуалды және анимациялық басылымдардың саны ең көп елдер жалпы рейтингтен көрінеді. Ал Бразилия мен Испания осы тақырыптағы басылымдарға келгенде бірінші орынға шығады» (Medeiros & Vanz, 2025), – дейді. Зерттеуде кино туралы кең тұрғыда қарастырылған халықаралық деңгейдегі ғылыми тұжырымдар жан-жақты сипатталады.

Шетелдік киносыншылар Bonnie Tilland, Beth Tsai-дың «New Review of Film and Television Studies» журналында жарияланған «Of fleas and Parasite: unpacking class and space in Bong Joon-ho's Barking Dogs Never Bite» мақаласында 2019 жылы жарық көрген «Паразиттер» мен «Үрген иттер» фильмі талданады. Фильмдерде Оңтүстік Кореядағы еңбек нарығындағы әлеуметтік теңсіздік пен тұрақсыздық көрініс табады. Еңбек нарығындағы тұрақсыздық пен Кореяның сыбайлас жемқорлыққа қатысты кейбір мәселелері сынға алынады. Автор бұл жағдай туралы: «2000 жылдары, яғни мыңжылдықтар

тоғысында Оңтүстік Корея экономика жағынан әлі де дамып келе жатқан ел болды. «Паразитте» Оңтүстік Корея қоғамын елдің экономикалық өсуіне қарамастан әлі де қорқынышты жағдайда өмір сүріп жатқан төменгі топтарды елемегені үшін сынайды. Ал «Үрген иттер» фильмінде авторлар қоғамды 1970-1980 жылдардағы басқа елдердің индустрияландыру мен даму қарқынынан үйренуге болатын жағдайларды елемей, елді тұрақсыздыққа ұшыратқаны үшін сынға алады» (Tilland & Tsai, 2023), – дейді.

Ал Қазақстанда Кеңестік дәуір кезеңіндегі зерттеулер отандық кинотанушылар Қ. Сиранов, К. Айнағұлова, К. Смайылов т.б. еңбектерінде кездеседі. Тәуелсіздік жылдарындағы зерттеулерді Гүлнар Әбікеева, Назира Мұқышева, Баубек Нөгербек сияқты ғалымдар жүргізді.

Зерттеуші Гүлнар Әбікееваның «Жаңа қазақ киносы: каталог» (1998), «Орталық Азия киносы (1990-2001)», «Қазақстандағы және басқа Орталық Азия елдеріндегі ұлт құру процесінің кинематографтағы көрінісі» (2006) атты ғылыми-теориялық еңбектері қазақ кинолары туралы іргелі зерттеулердің мазмұны мен мәнін айқындады (Абікеева, 1998).

Одан басқа құнды деректер мен зерттеулер кинотанушы ғалым, профессор Бауыржан Нөгербектің «Қазақстан киносы» (1998), «Экранда Қазақфильм» (2007), «Қазақ көркемсуретті киносындағы экрандық-фольклорлық дәстүрлер» (2008) атты монографиясынан орын алады (Нөгербек, 1998).

Профессор Назира Мұқышеваның «Қазақ киносы: кеше және бүгін» атты ғылыми-зерттеу еңбегі қазақ көркемсуретті киносының тарихи мазмұндық сипатын ашуға көмегін тигізеді (Мұқышева, 2017).

Зерттеуші Бану Рамазанова халықаралық гибридік-ғылыми журналдар <https://www.tandfonline.com> сайтының гуманитарлық бөлімінде жарияланған «Documentary cinema as social therapy: Kazakhstan's experience in portraying collective trauma on screen», *Studies in Russian and Soviet Cinema* атты мақаласында қазіргі заманғы қазақстандық деректі киноларда қазақ халқының басына түскен ауыр зұлмат пен нәубет жылдардың толыққанды көрініс таппай отырғандығын сынға алады. Онда 1931-1933 жылдардағы ашаршылық және 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы сияқты маңызды тарихи кезеңдер зерттеледі. Қазақстандық киноиндустрия саласы инновациялық сюжеттік әдістер мен жаһандық үрдістерді қабылдағанына қарамастан, терең та-

мыр жайған тарихи-әлеуметтік ауыр кезеңдерді елемейді десек болады. Осы ретте зерттеуші «Жоспарланбаған демонстрация хроникасы» (1991) және «Ақиқаттың жарқылы» (2021) сияқты фильмдерде қазақ халқының басынан өткен қасіретті жылдармен кинематографиялық байланыстың жоқтығына көңіл бөлуге тырысады. Сондай-ақ деректі фильмдерде де жеңіл-желпі ойын-сауыққа басымдық берілетіні айтылады (Ramazanova, 2010).

Зерттеуде саяси ықпал мен коммерциялық басымдықтар, мәдени терапия ұлттың өзін-өзі тану құралы ретінде қолданыс табатын деректі кинода толық шектелетіні жеткізіледі. Сондай-ақ мәдени жарақат пен ұжымдық естелік теорияларына сүйене отырып, қоғамдық прогресті ілгерілету үшін Қазақстанның өткен тарихына қатысты фильмдерді шұғыл түрде түсіру қажет. Сонымен қатар зерттеуде қазақстандық деректі фильмдердегі жаһандық көріністер кеңірек контексте талданады. Онда шынайы тәсілдерді қолдану арқылы ұлттық бірегейлік пен тарихи сананы тереңірек түсінуге жол ашылады.

Қазақстандық жас зерттеуші, шотландиялық Глазго университетінің PhD докторы Әсел Қамзаның ағылшын тілінде жарияланған «Kazakh cinema and the nation: a critical analysis» атты зерттеуінде ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы киноның рөліне жан-жақты талдау жасалады. Мақалада ұлт құру үдерісінің әдетте Қазақстан сияқты басқа да елдерде күрделі жағдайға айналғандығы айтылып өтеді. Посткеңестік елдердің басым көпшілігі ұлт ретінде әлі күнге дейін өз жерінде немесе сыртқы әлемге өзін қалай танытуды білмейді. Сондықтан Қазақстанда қазақ және орыс тілі сияқты түрлі қақтығыстармен қатар этностар мен мәдениеттердің алуан түрлілігінен дағдарысқа ұшырау жағдайлары туындап жатады. Осыған орай мәдени түрлі көзқарас пен ұлттық бірегейліктің дұрыс қалыптаспау нәтижесінде киноның рөлін кәсіби шеберлікпен бағалауға мүмкіндік болмай отыр. Соған қарамастан фильм түсіруді ұлт саясатын насихаттау тәсілдерінің бірі екендігін ескерсек, тарихымызды қазіргі заманауи көзқараспен танытуға ұмтылу қажет (Kamza, 2021).

Ғылыми мақалада өтпелі кезеңдегі қазақ киносының қалыптасу және даму үрдістері талданып, алғаш рет қабылданған «Кино туралы Заң» (2019) мен Еуразиядағы халықаралық кинофестивальге (EurIFF) назар аударылады. Фестиваль өткізілгеннен кейін қазақстандық кино өндірісіндегі жаңашылдықтарға баға беріледі.

Ұлтшылдық туралы кең ауқымды пікірталас аясында қазақ фильмдері мен ұлт құрудың өзара байланысын айқындайтын теориялық шеңбер негізінде шағын зерттеу жүргізіледі. Мақалада қазақстандық киноның мемлекетті құрудағы рөлі талданып, түрлі ғылыми көзқарастармен толықтырылады. Энтони Смиттің этносимволизм тұжырымдамасы арқылы еліміздің кино арқылы өзін өзі қалай танытуға тырысатынын, өз ұлтын қалай құруға көмегін тигізетінін сипаттайтын болады.

Әсел Қамза киноиндустрияның қазақстандық киноға да, EurIFF-ке де имидждік құрылысқа қатысты ықпалын көрсетеді. Бүгінде көптеген елдерде фильмдердің көмегімен жүзеге асқан ұлттық құрылымның табысты үлгілері жоқтың қасы. Қазақстан да солардың қатарынан орын алады. Зерттеуші қазақ киносы мен киносаясатындағы ескі жүйе дискорды Қазақфильм мен жаңаша үлгіде құрылған ұлттық киноны қолдаудың мемлекет арасындағы байланысы негізінде қарастырады.

Зерттеу қорытындысында қазақстандық киноның ұлттық құрылымға ықпалының шектеулі екендігіне көз жеткізе түсеміз. Бұл жөнінде автор Қазақстанның кино саласындағы саясатқа деген бизнес-бағдары күштірек болса, ішкі және халықаралық нарықтарға да қол жетімді болар еді деген ой түйіндейді. Қазақстандағы ұлттық кинематографиялық қызметтің анағұрлым табысты болуына мүмкіндіктің мол екендігін айқындай түседі.

Снежана Баймұқанова мен бір топ зерттеуші «Methodology of visual techniques in the cinematographic art of Kazakhstan in 1930–2020» атты мақаласында қазақстандық кино өнеріндегі визуал әдістерді талдауға бетбұрыс жасайды. 1930-2020 жылдардағы Қазақстан кинематографиялық өнеріндегі бейнелеу техникасының түрлі әдіснамасына зерттеулер жүргізеді.

Қазақстан Республикасында 1930-шы жылдары басталған кинематография саласының осы күнге дейін жалғасып келе жатқан ғасырлық тарихы бар. Осы кезеңде ел өмірінің мәдениетін, тарихын, әлеуметтік және саяси аспектілерін бейнелейтін көптеген фильмдер жасалды. Зерттеудің өзектілігі кинематографиялық құнды мұраларды тани білу және оны сақтау әдістері, кино өнері саласына сараптама жасау мен визуалды тәсілдердің тәжірибелік қырларын көрсетуден туындайды. Мәселен зерттеуші «Амангелді» (1938), «Рәкетир» (2007) және «Паралимпиец» (2023) фильмдеріндегі экрандық сюжеттерге

назар аударады. Сюжеттердің көрнекі тәсілдерін талдай отырып, оның ұлттық мәдени мұраға қосқан үлесіне ғылыми тұжырымдар жасайды. Зерттеуде цифрлық технологияларды қолдану әдіснамасы мен визуалды мәліметтердің кинематографистер үшін жаңа қадамға бастайтындығы көрсетіледі. Қазақ киносындағы жаңа үрдістер, мәдени құндылықтар мен дәстүрлер арасындағы теңгерімді сақтаудың маңыздылығы атап өтіледі. Қазақстанның кинематографиялық өнеріндегі визуалды тәсілдердің әдістемесі бойынша орындалған зерттеуді осы саланы дамытуға мүдделі қазіргі заманғы кинематографистер мен студенттер пайдалана алады (Baimukhanova et al., 2024).

Зерттеуші Г. Көпбаева және В. Нүрпейістердің «International Journal of Criminology and Sociology» (2022) журналында жарияланған «Trends in Film Studies in the Context of Modern World Cinematography» мақаласында қазақстандық және әлемдік кинотанудың даму тарихына салыстырмалы талдаулар жасалады. Авторлар Орталық Азия өңірінде түсірілген кино өнімдерді дамытудың типтік мәселелеріне назар аударады. Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Тәжікстан сияқты елдердің киноиндустриясын салыстырмалы тұрғыда сипаттайды. Осы елдердің кинодағы даму жағдайларын ғылыми тұрғыда зерттеу ісі қазақстандық фильмдердің әлемдік деңгейге шығуына ықпал етері сөзсіз (Korbaeva et al., 2022).

Зерттеудің мақсаты халықаралық кинотуындылардың тәжірибесін пайдалануды заңдық тұрғыда айшықтау, кеңестік кезеңдегі қазақстандық және ресейлік кино саласының ұқсастықтары мен айырмашылық тұстарына назар аудару болды. Мақалада кинодағы ұлттық құндылықтар көрінісі әлемдік зерттеулермен байланысты талданып, оны дамытудың шығармашылық тәжірибелік қырларына баға берілді.

Ресейлік ғалым Л. Прунердің Кембридж университетінің баспасынан жарық көрген «Slavic Review» журналында жарияланған «The New Wave in Kazakh Cinema» атты зерттеу мақаласында қазақ киносындағы жаңа толқын режиссерлердің шығармашылық бағыттары зерттеледі. 1980–1990 жылдардағы қазақстандық Жаңа толқын киносына арналған классикалық зерттеу болып саналатын еңбекте Рашид Нугмановтың «Ине» (1988), Александр Баранов пен Бақыт Қилыбаевтың «Соңғы аялдама» (1988), Серік Апрымовтың «Ғашық балықтар» (1989) атты сериялары талданады (Pruner, 1992).

2025 жылы Польшаның ғылыми журналында ағылшын тілінде жарияланған Д. Амирбекова, Б. Нөгербек сияқты бір топ қазақстандық зерттеушілердің «New Model of Contemporary Kazakh Cinema – Artstream: Trends and Paradigms» атты мақаласында 2000 жылдардың соңынан бүгінге дейінгі арт-кино мен «Жаңа толқынның» даму бағыттары сипатталады (Amirbekova et al., 2025).

Зерттеудің мақсаты көркемсуретті кинолардың даму эволюциясы мен оның аудитория қалыптастыру бағытындағы жаңа ізденістерін талдау болды. Мақалада терең контент пен ғылыми авторлық пайымдар ұсынылады. Бұл ретте мұндай тұжырымдар мейнстрим форматы шеңберінде көрініс табады. Зерттеу әдіснамасына сәйкес Қазақстандағы көркемсуретті кинотуындылардың дамуы мен олардың әсерін бағалау үшін отандық бірнеше фильмді талдауға мүмкіндік туады. Мәселен artstream көркемсуретті фильмдер мен мейнстрим киносының қоғамға әсерін контент-талдау әдісі арқылы беруге тырысады.

Зерттеудегі мәліметтерге сүйенсек, Қазақстандағы artstream киносы коммерциялық табысты көбейте отырып, жаһандық жағдайда жаңа аудитория қалыптастыра алатын ерекше объектіге айналды. Зерттеу қорытындысы artstream кино үлгісінің реализм мен модернизм үйлесімін арттырып, халықаралық кино өнеріндегі имиджін нығайтуға ықпал еткенін көрсетіп береді.

Қазақ киносындағы тарихи тұлғалар бейнесіндегі деколонизация және мәдени болмысты қайта ойлау процесі зерттеуші Айдана Жобалайдың 2025 жылы Прага қаласында өткен Халықаралық ғылыми конференцияның материалдарында жарияланған «Kazakh cinema and reflection of historical figures: decolonization and rethinking of cultural identity» атты ғылыми мақаласынан айқын көрінеді (Zhobalay, 2025).

Мақалада қазақ фильмдеріндегі тарихи қайраткерлер бейнесінің ерекше тұстары ашылады. Осы ретте отарсыздану үдерісі тұрғысынан баяндалатын отандық киноиндустриядағы тарихи оқиғалар мен ұлы тұлғаларды режиссерлердің қалай бейнелейтініне назар аударылады. Зерттеуде Кеңестік дәуірдегі кинематография мен қазіргі ұлттық кино арасындағы айырмашылықтар талданып, оның қазақ халқының мәдени бірегейлігіне әсер етудегі рөлі айшықталады. Тарихи фильмдердегі көркемдік шешім мен тарихи түпнұсқалық проблемаларға сараптама жасау да назардан тыс қалмайды.

2018 жылы Қазақстан кинотеориясының мәселелерін зерттеуші, ғалымдар Г. Мурсали-

мова мен А. Айдардың шетелдік «Mediterranean Journal of Social Sciences» журналында «Artistic Trends in Children Cinema of Post-Soviet Kazakhstan» атты зерттеу мақаласы жарық көреді. Бұл зерттеу мақала еліміздің қазіргі заманғы балаларға арналған кинематография саласының тақырыптарын, сюжеттерін және кейіпкерлер бейнесін ашуға арналған. Авторлар балалар фильмдерін киноиндустрияның «артхаус киносы» және «авторлық кино» сияқты екі бағыты бойынша қарастырады (Mursalimova et al., 2018). 1991-2013 жылдар аралығында түсірілген балалар мен жасөспірімдерге арналған балалар кинематографиясының негізгі көркем шешімдерге құрылған бағыттарын жан-жақты саралауға тырысады. Мақалада Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер туралы кинолардың тақырыптары, бейнелері мен жанрлары жан-жақты ғылыми тұрғыда зерттеледі.

2015 жылы кинотанушы ғалымдар Б. Нөгербек пен А. Айдардың ағылшын журналында жарияланған «Two Culture's Characters in Contemporary Kazakh Cinema» атты мақаласында қазіргі қазақстандық кинематографиядағы ауылдық және қалалық кейіпкерлер арасындағы мәдени айырмашылықтар зерттеледі (Nogerbek & Aidarova, 2012). Зерттеудің объектісі ретінде Абай Құлбаевтың «Стриж» (2007) және Сәбит Құрманбековтың «Секер» (2009) фильмдері таңдап алынады. Авторлар осы екі фильмдегі жасөспірім қыздардың бейнелерін қазақ қоғамындағы екі мәдениет (қалалық және ауылдық) контекстінде зерттеуге тырысады. Мұндай ғылыми-контент талдаулар қазіргі Қазақстандағы күрделі әлеуметтік-мәдени процестерді жаһандық тұрғыда шешуге жол ашады.

Зерттеу әдістері

Мақалада БАҚ жарияланымдары мен қазақ киносын насихаттауға қатысты контент өнімдерді талдап-таразылау, теориялық және эмпирикалық зерттеу әдістері қолданыс тапты. Ғылыми жұмыстың теориялық және әдістемелік негіздері ретінде отандық және шетелдік кинотанушы ғалымдардың Scopus базасындағы ғылыми-сараптамалық талдау еңбектеріне назар аударылды. Ғылыми жұмыстың тақырыбын ашу мақсатында масс-медидадағы проблемалық және насихаттық-публицистикалық мақалалар жан-жақты зерттеу көзіне айналды.

БАҚ-та жарияланған фактілер мен деректер негізінде кино түсірудегі проблемалардың

фестивальге немесе халыққа арналған деп бөліп-жарудан туындайтындығына көз жеткізілді. Зерттеу нәтижесінде коммерциялық фильмдердің жанрлық мақсаттарын қолдану арқылы көрерменді қызықтыру үшін жеңіл қабылданатын фильмдерді түсіру көбейе түскендігі анықталды. Осы орайда атышулы кинолардан кейін өзге мемлекеттер қазақты қандай ұлт деп қабылдауы мүмкін деген сұрақтың туындауы ерекше назар аудартты.

Зерттеу мақалада қазақ кинематографиясының кемшілігі, актерлердің кәсіби шеберлігі, техникалық кемшіліктер сарапқа салынатын фестивальдер туралы да материалдар талданады. Осы тұрғыдан келгенде кинематография саласына мамандар даярлау мәселесі жылдар өткен сайын жетілдіруді қажет етеді. Ғылыми-талдаулардың нәтижесінде Қазақстандағы кино өнерінің еліміздің тарихы мен ұлттық болмысын әлем деңгейінде таныту үшін БАҚ құралдарының маңызы аса зор екендігін аңғаруға болады.

Талқылаулар мен нәтижелер

Кино – кез келген ұлттың бет-бейнесі, бітім-болмысын көрсететін шығармашылық туынды. Мысалы, түсірілген киноларға қарап, орыс ұлтын қуатты, қызуқанды деп бағаласак, үнділер сезімтал, махаббатшыл, жүрегі жұмсақ ұлт ретінде көзге түседі. Осы ретте кейбір атышулы кинолардан кейін өзге мемлекеттер қазақты қандай ұлт деп қабылдауы мүмкін деген сұрақ қояды. Өкініштісі, осы уақытқа дейін біз «Қыз Жібектен» асқан фильм түсіре алмадық. Ш. Аймановтың «Атаманның ақыры», Мәжит Бегалиннің «Тұлпардың ізі» сынды фильмдері қазақ туралы жақсы көзқарас тудыра алады. Ал біздің қазіргі режиссерлер түсірген фильмдерде бұл жағы қиындық тудырып отыр.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның киноөндірісіне жаңа леп әкелген режиссерлердің бірі Ақан Сатаев болды. Оның режиссерлігімен түсірілген «Жаужүрек мың бала», «Томирис» фильмдері ұлтымыздың батырларын суреттеген тарихи-эпостық туындылар еді. Мұндай киноларда қазақ халқының батырлық рухы мен тәуелсіздік үшін жанын пиде еткен күресі шынайы көрініс тауып отырады. Осы фильм жайында Ақан Сатаев журналистке берген сұхбатында киноның шын мәнінде жасампаз өнер екендігін айтады. «Үлкен талап тұрғысынан қарағанда кино қоғамға және туған еліне пайда әкелуі қажет. Ұсынылған киноөнім жасампаз болуы ке-

рек», – дейді (Абудов, 2011. 7 б). Яғни, бұдан киноны көруге келген адам басқаша ой түйіндеп, жақсылық жасауға қарай ұмтылыс танытуы тиіс деген қорытындыға келесіз. Яғни, кез келген киношығармашылық өнімде проблема көтеріліп, одан шешім шығарудың да жолын таба білу де маңызды болады.

2012 жылы түсірілген «Жаужүрек мың бала» фильміне отандық көрермендермен қоса шетелдіктер де оң баға берген. Себебі кинода қазақ жастарының жауға қарсы тұрған ерлігі дәріптеліп, бостандық алу жолындағы іс-қимылы суреттеледі. Осы тұста А. Сатаевтың режиссерлік шеберлігін тарихи оқиғаларды жеткізуде көркемдік шешім шығара білгендігінен байқай аламыз. Режиссердің келесі тарихи киносы «Томирис» фильмі қазақ тарихындағы ұлы тұлға сақ патшайымының ерлігі мен даналығын көрсете білді. Томирисінің образын ашуда қазақ халқының қайсарлығы мен жаугершіл мінезі, елі мен жерін қорғай білетін патриоттық сезімді көрсете алатын режиссердің шеберлігі шетелдік сыншылардың да жоғары бағасына ие болған еді.

Журналист Гүлмира Садықованың кино саласының даму деңгейіне сараптама жасаған «Жас қазақ» газетінің 2010 жылғы 16 мамыры күні «Бізде жанбай жатып сөнетін «жұлдыздар» көп» атты мақаласында кинотанушы, ғалым Б. Нөгербекпен сұхбаты жарық көреді. Сұхбатта профессор киноларда ұлттық нақыш пен бедері бар сюжеттер болса ғана оны өнер туындысы деп бағалауға болатынын жеткізеді. Ғалымның тұжырымдарына сәйкес, бұған дейін кино саласының екі бағыты айқындалды. Біріншіден, кәсіби деңгейі жағынан жоғары фильмдер болса, екіншісі ұлттық дүниетанымдық негізде түсірілген фильмдер. Дегенмен кино түсіру мәселесі қаражатқа, ал мазмұны мен мәні киногерлердің шеберлігіне байланысты шешілді. Қазақ кинематография саласының жүйесі де толық қалыптаспады. Өйткені Қазақстанға 2000 жылдары кинопрокаттар келе бастады. Бірақ кино үлкен насихат құралы болғандықтан мемлекет тарапынан толық қолдау табуы тиіс болатын (Садықова, 2010).

Профессор Т. Амандосов: «Сұхбат журналистиканың универсалды жанры ретінде оның ақпараттық, аналитикалық және көркем-публицистикалық бағыттарын қамтиды», – дейді (Амандосов, 1978). Зерттеуші А. Тертычный бұл жанрды ақпарат алудың әдісі, публицистикалық жанр, хабар тудыру тәсілі ретінде қарастырады (Тертычный, 2000).

Журналистика теориясын зерттеуші Е. Прохоров сұхбаттың негізгі белгісі диалогтық құрылым екенін айтады. Яғни, диалог арқылы ақпарат алмасады, көзқарастар қақтығысады, пікірлер сарапталады (Прохоров, 1995). Бұл тұжырымды М. Барманкұлов та қостай келіп: «Сұхбат жанрының табиғаты журналист пен кейіпкер арасындағы коммуникациялық диалогқа негізделген», – дейді (Барманкұлов, 2002). Осы теориялық тұжырымдар тұрғысынан келгенде журналист Гүлмира Садықованың кинотанушы Б. Нөгербекпен сұхбаты жанрдың табиғатын толық аша білгендігін байқаймыз. Жанрдың түрі жағынан проблемалық (аналитикалық) сұхбаттың белгілі бір мәселені терең талдау, сарапшылар пікіріне назар аудару сияқты элементтері жиі кездеседі. Сұхбатта кино саласының өзекті тұстарын қозғайтын ой-пікірлер мен дәйекті көзқарастарға орын беріледі. Оқырманға қажетті тың идеялар ұсынылып, кино өнерін дамытуға қатысты пікірлер тудыруға бағыт-бағдар береді.

Кинотанушы Б. Нөгербектің айтуынша, қазіргі киноларда көрсетілетін атыс-шабыс, эротика, қорқынышты фильмдер жеке меншік кинотеатрларда көрсетілуі тиіс. Мысалы, шетелдерде бұл мәселеге үлкен жауапкершілікпен қарайтын арнайы жүйелер жұмыс істейді. «Отбасылық» бағыттағы кинотеатрларда тек қана тәлім-тәрбиелік мәні зор, көркемдік-эстетикалық мазмұны жоғары кинолар көрсетіледі. Осы орайда кинотанушы біздің кинорежиссерлеріміздің де шеелдіктер сияқты жүйелі түрде жұмыс істегенін орынды деп санайды.

Журналист Г. Садықова сұхбатта кинотанушы Б. Нөгербекке «Борат» фильмі жайында да бірнеше сұрақ қояды. Профессордың айтуы бойынша, «Борат» та коммерциялық жоба болғанымен дөрекі әзілге құрылған. Мұндағы мақсат – Қазақстан сияқты дүние жүзіне аты енді ғана шыға бастаған жас мемлекетті келеке ету арқылы фильмнің атын шығарып, ақша табу. Бірақ шын мәнінде бұл фильм мұқият зер салсақ, оның Америка туралы екенін, Американың рухани деңгейін көрсететінін байқай аламыз. Осыған байланысты халық арасында біздің мемлекет оларды неге сотқа беріп, айыппұл салмайды деген сұрақтар да туындады. Бірақ кинотанушының пікірлеріне сүйенсек, біз олай жасай алмаймыз. Өйткені фильмде ешқандай нақтылық жоқ. Қазақтарды румындар да, сығандар да ойнайды. Фильмнің тілі де қазақша немесе орысша емес. Фильм Қазақстан территориясында түсірілмеген.

Сұхбат барысында кино түсірудегі проблемалардың фестивалге немесе халыққа арналған деп бөліп-жарудан туындайтындығына көз жеткізуге болады. Мәселен «Келін» фильмі алғашқы фестивалге арналып түсірілген авторлық кино болса, онда суретші өзінің ойын еркін жеткізуімен ерекшеленді. Сондықтан киноны қалай түсірсе де автордың құқығы қорғалады. Бұл жөнінде Б. Нөгербек сұхбатта былай дейді: Мысалы, «Келінді» көрсетуге «Қазақфильмнің» де құқығы бар. Қалай болса да фильм түсірілді. Әйтсе де, мен ол фильмді қазақтар туралы деп қабылдамаймын. Фильм эксперимент ретінде кинодраматург, режиссердің жасаған тырнақалды дүниесі. Онда сөз қолданылмайды. Бұл – бір ерекшелік. Бірақ фильмде операторлық және актерлік жұмыстар кәсіби түрде ерекшеленеді. Сондықтан шығарма ретінде қабылдауға болады» (Садықова, 2010.).

«Келін» фильміндегі екінші ерекшелік, фильмнің жеңіл қабылдануы болып саналады. Автор коммерциялық фильмдердің жанрлық мақсаттарын қолдану арқылы көрерменді қызықтырғысы келген. Мұнда халықтың назарын тез аударатын эротикалық көріністер көп орын алады. Сол кезеңде «Қазақфильмде» түсірілген «Біржан сал», «Мұстафа Шоқай» сияқты фильмдер туралы ешқандай көзқарас-пікірлер кездеспейді. Қазақ баспасөзі де тек «Келін» туралы ғана жаза бастаған. Осы орайда Бауыржан Нөгербек: «Келін» тілін түсінетіндер үшін «Келіннің» коммерциялық киноның принциптерімен түсірілгенін ажырата біледі. Ал продюсерлік киноның мақсаты бойынша фильм атышулы болуы керек. Оған көрермен тарапынан теріс пікірлер туып жатса да «Келінді» осы тұрғысынан мақсатына жеткен фильм деп бағалауға болады. Әрине, фильмге қатысты зиялы қауым тарапынан намысқа тигені рас. Бұл да дұрыс», – дейді. Осы ретте кино туралы арнайы Заң қабылданып, ұлттық кинолардың кинотеатрларда көрсетілгені орынды болмақ деген ой түюге болады.

Қазақстан «Келін» фильмі арқылы әлемге танылып, «Оскарға» түскен екі жүзден астам фильмнің ішінде топ жарған болатын. Яғни, фильм «Оскар» сыйлығының деңгейіне сәйкес келеді. Мамандардың пікірінше, «Келін» несімен қызықтыруы мүмкін деген сұраққа жауап іздесек, біріншіден бұл фильмде сөз айту жоқ яғни, үнсіздік, екіншіден экзотикалық дүниелер молынан ұшырасады. Осы ретте фильмді көрген италияндықтардың: «Сендер неге мұндай фильм

түсіресіңдер, бұл біздің тарихымыз ғой», – дегені таңғалдырған.

Журналист Мақпал Жұмабайдың «Қазақ киносын қазақ теледидарынан көрсету үшін неге демеуші іздейміз?» атты мақаласында бірнеше кинодағы проблемалық көріністер суреттеледі. Мәселен «Дала экспресі» қазақ киносына қосылған ерекше туындылардың бірі ретінде қазақ халқының басынан өткен мұңды жағдайларды терең қозғайды. Фильмде ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп өскен қазақ қызының тағдыры суреттелген. Қыз ең соңында шетелдің азаматына тұрмысқа шығып кетеді. Бұл жөнінде кинорежиссер Аманжол Айтуаров: «Басқа ел азаматтарына жар болып, туған жерден жырақта жүрген қыздарымыз көп. Солардың жолын тосқан аналар мен әкелер қаншама! Мен бұл киноны қазақ үшін түсірдім. Ол бәрімізді ойландырса екен!» (Жұмабай, 2006. 9 б.), – дейді

Кинода бүкіл қадір-қасиетін бойына сыйдырған әкенің бейнесін Махамбет атындағы Атырау облыстық академиялық театр актері Төлеген Қуанышев сомдайды. Ол Ресейде өткен «Золотой витязь» кинофестивалінде «Ең үздік адам рөлі» жүлдесіне ие болған. Киноның басты рөліне талантты әрі сымбатты актер Айжан Әйтенова таңдап алынған. Ол дала мен қала қызының бейнесін ұсына алатын қыздың рөлін көрсетеді. Киноның желісі кішкентай қазақы бекетте өрбиді. Сценарий бойынша басты кейіпкерлер Францияға баруы керек болған. Бірақ оған қаржы жетпеген. Егер қаржы жеткенде «Дала экспресі» халықаралық дәрежедегі мән мен маңызға ие болып, көтерер жүгі де ауырлайтын еді. Егер Париж өмірімен бірге түсірілгенде қазақ ауылының тіршілігі де ашыла түспек. Режиссердің айтуынша, Парижде өзге жұрттың арасына кірген қазақ қызының халі көрсетілмек. Фильмнің түсірілуіне 700 мың доллар жұмсалған.

Журналист мақалада прокаттың ұлттық киноны дамытуға мүдделі екендігі жайында да проблема қозғайды. Мысалы, оны реттеу үшін арнайы заң қабылдану қажет. Ұлттық киноны айналымға түсірген үшін прокатшыларға салық аз салынуы тиіс. Мәселен, Франция шетелдік фильмдерге үстеме салық төлетеді. Ол қаржы ұлттық кинематографияның дамуына жұмсалады. Сондықтан француз кинолары прокаттың жартысына жуығын жаулап алады. Барлық ел өзінің ұлттық киносын жандандыруға бет бұрған жағдайда оған стратегиялық және саяси маңызы бар мәселе деп қараған жөн. Бірақ елімізде оны ешкім қадағаламайды. Шындығына келгенде,

кинотеатрлардағы кинолардың 99 пайызы шетелдік фильмдер болғандықтан, олардан салық көп түсуі керек.

Бұл жөнінде сұхбатта кинорежиссер А. Айтуаров: «Кино ұлтты тәрбиелейді. Ал Қазақстанда бүгінге дейін ұлттық киноны көрмеген бірнеше ұрпақ ержетті. Басқа елдің идеологиясымен сусындаған ұрпаққа туған жерінің құны көктейін. Оған қай жердің суын ішіп, қай жердің ауасымен демалса бәрібір. Мен шетелге кетіп, оралмай қалған қазақ ұл-қыздарын жақсы білемін. Өйткені олар американың киносын көріп өскен. Ой-санасы да соларға ұқсайды. Жанға бататыны осы» (Жұмабай, 2006. 9 б), – дейді.

Егер «Қазақфильм» жылына 4 фильм түсірсе, оған 9 млн. доллар жұмсалады екен. Ал видеода сапалы көркем фильмді 50-60 мың долларға түсіруге болады. Бұл кинодан 15 есе арзанға түседі. Ресейде отаншылдықты насихаттайтын фильмдерге бюджеттен арнайы қаржы бөлінеді. Өкінішке қарай біздің киноларды көрген жас ұрпақ Алпамысқа емес, Шварцнеггерге ұқсағысы келетіні жасырын емес. Фильмде ойнаған француз жігіті Франсуа Лоббе актер емес. Ол Қазақстанға қонаққа келген адам. Ағасы Елшілікте қызмет еткен соң, дарынды баланы киноға түсу үшін таңдап алған.

«Дала экспресі» 2010 жылы «Хабар» телеарнасынан демеушілердің көмегімен экранға шығады. Осы тұста режиссер қазақ киносының қазақ теледидарынан көрсету үшін неге демеуші іздеу қажеттігіне назар аударады. Есесіне, біздің телеарналардың шетелдік фильмдерді қыруар қаржыға сатып алатынын шынында да үлкен дау туғызатын мәселе деуге болады. Керісінше, шетелдік кинолардан бізге қомақты қаржы түсуі тиіс.

Журналист Қуаныш Абудың «Алты алаш» газетінің 2012 жылғы 5 қазаны күні жариялаған «Қазақ киносының қауқары» атты мақаласында осы жылы өткен XIII кинофестиваль туралы баяндалады. Фестиваль Әмір Қарақұловтың «Ғаламтордағы махаббат» атты туындысымен ашылған болатын (Абу, 2012). Фильм шынайы өмірде елемеген махаббатын, виртуалды әлемнен тапқан бойжеткеннің кездестірген қиындықтары жайында ой қозғайды. Фильмнің тақырыбы да қызықты, бүгінгі күнге сай әрі тартымды да шынайы болып шыққан. Ондағы сюжеттер желісі жеңіл қабылданады. Тартымды комедиялық элементтермен қатар кейбір кемшіліктер де кездескендігі байқалады.

Сонымен қатар фестивальде Дәрежан Өмірбаевтың қоғамдық теңсіздікті қабылдай алмаған

студенттің ішкі арпалысын суреттейтін «Студент» (2012) атты туындысы ұсынылған. Фильмде режиссер Данияр Саламат өз мақсатына жетуі үшін қалаға келген баланың өмірге деген талпынысын арқау еткен. Фильмнің тақырыбына үңілсек, оның берілу формасы, айтар ойында өзгешелік бар. Алдына мақсат қойып, өз бетінше жол табуға тырысқан баланың бастан кешері кім-кімнің болса да жүрегін елеңдетпей қоймайды. Фильмнің бір кемшілік тұсы ауылдағы өмірге қарағанда қаладағы өмір әлдеқайда жеңіл деп насихаттағаны жасандылыққа құрылғандай әсер қалдырады. Фильмдегі комедиялық элементтердің басым болуы, басты кейіпкердің өзін үнемі басына түскен қиындықтарға қарамастан көңілді ұстауы фильмнің жақсы жағын көрсетеді. Әкесімен болған ұрыстан кейін өз бетінше шешім қабылдап, алдағы өміріне алаңдамастан өзін көңілді ұстайды. Фильмнің бұл тұсы барлық қиындықтарды ұмыттырып, көрерменге де көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. Сондықтан фильм жеңіл қабылданады (Абу, 2012).

2000 жылдары қазақ киносының қарқынды түрде дамуына әсер етіп, отандық киноиндустрияға жаңалық алып келген фильмнің бірі Ахат Ыбыраевтың балаларға арналған «Аңыздар кітабы: құпияға толы орман» туындысы болды. Фильмде Баха мен Таха атты балалардың аңыздар кітабына қызығушылығынан туған ойлары мен іс-әрекеттеріне тап боласыз. Бұл кинотуындыны Қазақстандағы фэнтези жанрында түсірілген алғашқы фильм деп бағалауға болады.

Мақалада журналист фильмнің кемшіліктері жайында да тоқталып өткен. Мәселен фильм балалар тақырыбында болғандықтан көрермендерді экран алдында ұстай алмаған. Әсіресе онда Баха мен Таханың актерлік ойыны сәтсіз шыққан. Фильмнің 60% компьютерлік графикамен жасалған. Сәтті түсірілген фильм болмаса да, көптеген көрермендер үшін жағымды көрінген. Соған қарамастан фильмде ерекше тұстар байқалған. Режиссердің заманауи талпынысы да бар.

Сонымен қатар фестивальде режиссер Ерлан Сейтімбетовтың «Қажетті заттар факультеті» атты туындысы да жоғары дәрежеге ие болды. Фильм желісі Таир атты бизнесменнің қызығушылығынан туған фантастикалық оқиғаға құрылған. Бұл фильм әрі психологиялық әрі деректі фильмге де ұқсайды. Мысалы актерліктен гөрі диалогтардағы жаттандылық оны деректі фильмге ұқсатады. Фильмде фантастикалық жанрдың элементтері де ұшырасады. Көрермен мұндай көріністерден

шынайы өмірде ешнәрсе оңайға соқпайтынын түсінеді. Жалпы 2000 жылдары қазақ киносында біршама серпілістің болғанын аңғаруға болады. Алайда батысқа еліктеуден шынайылығымыз бен мұрағаттық дүниелеріміз ескерусіз қалмағанын қадағалаған дұрыс. Осы тұста қазақ кино өнерін БАҚ-та насихаттай отырып, оның тұнып тұрған тарих екенін мойындай түсеміз.

Қазақ киносының даму жолдарын кеңестік және тәуелсіздік деп екі кезеңге бөліп қарастыруға болады. Сол жылдары түсірілген кинотуындылар екі кезеңде де қазақ ұлтының мүддесін көздемеді. Себебі алғашқыда коммунизм дәріптелсе, кейін халықты азғындатып жою (А. Даллестің) саясатын насихаттағандығы байқалады. Бірақ салыстырмалы түрде қазақ киносы астарлы түрде болса да қазақтың ұлттық болмысын танытуға тырысқаны байқалады. Мысалы, «Жаушы» киносында қазақ қызының ары мен намысын қорғағандығын көреміз. «Біріксек жер қайысқан қол екенбіз ғой» деп қазақтың басын біріктіруге ұмтылады. Бұдан ұлттық рухтың тұнып тұрғандығын сезіне түсеміз. Ал режиссерлер тарапынан көш бастар дүние деп ұсынылған «Көшпенділер» фильмі оған ілесе алмай қалды десек қателеспейміз. Себебі кез келген кинотуынды ұлттық тамырмен ұштасып жатуы тиіс. Осы ретте тамыры жоқ туындыны ғұмырлық бейнесі жоқ сәтсіз фильмдермен тең болмақ деген тұжырым жасауға болады.

Кеңестік дәуірде түсірілген «Қыз Жібек», «Шаңырақ», «Көксерек», «Менің атым Қожа» сияқты кинолар ұлттық құндылықтарды насихаттап, көрерменге рухани азық тарту етті. Ал егемендік алған соң мұндай киноларды түсіре алмағанымыз өкініш тудырады. Жоғарыда аталған фильмдердің ғұмыры ұзақ болған себебі қазақ ұлтының рухы үшін күрескен зиялы қауымның болғандығы деп ұғынған жөн. Мәселен кез келген шетелдік киноны таныстырмай-ақ, оның қытайдың немесе түріктің, орыстың киносы екенін бірден аңғаруға болады. Себебі киноның мазмұны, тілдік сипаты кез келген елдің идеологиясын, дәстүрін насихаттайды. Бұрын елдің болашағын жастарының болмыс-бітіміне қарап білетін болса, қазір кинотуындыларына қарап бағамдай аламыз. Қазір қазақ киноларында қазақи көрініс болмаған соң кеңестік кезеңнің замандастары өзі өмір сүрген жылдардың киноларын көргісі келеді. Қазір бірнеше том кітап оқығаннан гөрі кино көргенді жөн санаған заман туды десек болады. Сондықтан киноны идеологиялық басты қару деп санауға болады.

Осы ретте журналист Пазылбек Абсаттар 2010 жылдың 29 мамырында «Жас қазақ» газетінде жариялаған «Қазіргі қазақ киносы ұлттық тұтастығымызға қауіпті» атты мақаласында: «Қазір әлем халықтарының санасын жаулау үшін ақпараттық соғыс басталып кеткені рас. Енді санамызды ойрандап жатқан осындай заманда режиссерлердың да соларға қосылып, халқымыздың санасын бұзуы еш ақылға сыймайды. Режиссерлер түсірген киносына қарап, халықтың жауы ма деп қаласың» (Абсаттар, 2010), – дейді. Шынында да біздің режиссерлер Қазақстанды қорлайтын «Борат» киносына қарсы кино түсіргеннің орнына, сол киноның жалғасы іспеттес халықты қорлайтын кино түсіріп жатты. «Келін», «Қараой», «Махаббат тәлкегі», «Опырмай», «Қайрат чемпион», «Девственник», «Әке қорлығы», «Тюльпан» сияқты киноларда қазақтың салт-дәстүріне қайшы келетін көріністер насихатталды.

Жалпы БАҚ-тағы кино туралы жазылған мақалаларда көбіне проблемалық ой қозғалады. Бірнеше кинода азғындық пен арсыздықтың көрініс тапқандығы, халықтың санасын бұзып бағуға тырысқандығына назар аудартады. Мәселен айы-күні жақындаған әйелді зорлау, баласының анасын өлтіруі, туған қызын зорлаған әке, жезөкшелік жолға түскен келін, хайуандық өмір сүру салты бейнеленді. Осы тұста журналист мақалада намыссыз режиссерлер қазақ қызының арын таптайтын фильмдер түсіруге неге әлек болады деген сұраққа жауап іздейді. «Қай киноны көрсеңіз де қазақ қызын жезөкше етіп көрсетеді. Мысалы режиссер Аманжол Айтуаровтың «Дала экспресінде» қазақтың қызы француздың қолжаулығы болып көрінеді. Сондай-ақ Қазақстан, Германия, Франция режиссерлері бірігіп түсірген «Үлжан» киносында да француздың қолжаулығына айналады», – деп ой түйіндейді. Ал «Махаббат тәлкегінде» орыстың қолжаулығы болса, «Астана – менің махаббатым» фильмінде түріктің қолжаулығына айналады. Одан бөлек «Ғаламтордағы махаббат», «Нереальная любовь», «Қара майор» киноларында да қазақ қызының ары тапталады. Қазақ қыздарын жезөкше етіп жарнамалау қарқын алып, қорлаудың эпицентріне айналды десек болады. Бұл әрине намыссыз режиссерлерге сын болмақ.

Журналистика теориясын зерттеген С. Корконосенко, Н. Ким, Ф. Прессер сияқты ғалымдар проблемалық мақаланың 5 басты белгісін көрсетеді. Ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, проблемалық мақала өзекті мәселені ашуға бағытталуы

тиіс. Әрі ондағы талдаулар терең, пікірлер мен фактілердің үйлесім табуы, дәлелді қорытынды болуы арқылы оқырманды ойландырып, нақты әрекетке ынталандыруы тиіс (Прессер, 2010).

2010 жылы Қазақфильм деректерінде қазақ киносы мемлекет ішіндегі прокаттың 3 пайызын құраған. Бұл сандық көрсеткіш ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді. Кинотеатрлардың барлығы жекеменшікке өткен соң бәсекеге ілесе алмайды. Тек пайда табуды көздеген қазақ кинолары арсыздықты насихаттаған соң көрермендерді тарта қоймайды. Соның нәтижесінде кинотеатрлар көп шығынға батады. Осы тұста халық тұтынбайтын өндірістік тауар шығару ешкімге тиімді болмасы анық деген тұжырым жасай аламыз. «Қазақфильм» шетелдік актерлерге қаржы төлеген соң, шетелдің идеологиясын жүргізуге тырысады. Осы тұста журналист еліміздің ұлт қауіпсіздігін кім ойлайды деген сұраққа жауап таба алмайды. Бұл да басты проблема десек болады. Проблемалық мақала публицистиканың аналитикалық жанрлары қатарына жатады. Ол репортаж, ақпараттық хабар сияқты жанрларға қарағанда деректерді жинақтайды, ғылыми-талдамалық тәсілдерді қолданады, ұстанымын логикалық дәлелдермен қорғауды талап етеді (Хрусталева, 2014).

2011 жылы Еуразиялық бас жүлде «Көктемнің алғашқы жаңбыры» атты кинотуындыда ойнаған отандасымыз Ерлан Нұрмұхамед пен жапондық Сано Синдзюге бұйырған. Қазылар алқасының төрағасы Ким Ки Дук мырза бас жүлдені табыстау кезінде, бұл туындының ерекше маңызы бар екендігін жеткізген. Фильмде айдалада жалғыз орналасқан ескі үй мен онда тұратын бір-біріне қарап сирек жымиятын шағын отбасының өмірі көрсетіледі. Картина басталғанда сол отбасымен бірге тұратын Дергелей апаның өсиеті шырқалады. Сценарийдің түпкі негізі ежелгі мифке құрылғандықтан қазақтың арт-хаустық фильмдерінің бір түрін насихаттағандығы байқалады (Аламан, 2011).

Фестиваль жүлдегерлерінің бірі ретінде қазақ режиссері Нариман Төребаевтың «Шуақты күндер» атты туындысы «Ең үздік режиссерлік жұмыс» деп бағаланды. Кинодағы кейіпкер адамға жалғыздық арқылы берілетін айналадағы мағынасыз өмірді бейнелейді. Фильмде автордың өз ойы мен кейіпкердің сезімі кино тілі арқылы жеткізіледі. Мұндай жетістіктерден қазақ киносының әлемдік бәсекеге қабілетті екендігін көре аламыз. Осы орайда Қазақстан Еуропа мен Азияның арасын жалғастырып жатқан мемлекет

екендігін ескерсек, халықаралық конкурсқа таңдап алынған фильмдерден Шығыс пен Батыстың үндесуін бағамдай аламыз.

Ресейдің «Бөлек аспан» (реж. Дмитрий Мамулия) картинасындағы басты кейіпкер өзінің баласын ертіп, Орта Азиядан Ресейге жұмыс істеуге кеткен әйелін іздеп шығады. Каталина Митулеске «Ашына» (Румыния) фильмінде батыстық көзқарастағы Азияны қоғамдық өмірдің келеңсіз көріністерін бейнелеу арқылы суреттейді. Режиссер Филиппиннің картинасы «Буссонгта» адам өмірі түс көргендей өте шығатындығы байқалады. Картина режиссері Ауреус Солито адам жанын қоршаған ортамен тығыз байланыста ұғындыра түседі. Олардың бұзылмайтын үйлесімін табиғат әдемілігі арқылы көрсетіп, әйелдің сұлулығымен үндестіреді. Әр кадрда жақсылық пен махаббат көрінісі орын алады.

Белгиялық режиссер Сэм Гарбарскийдің «Көпшілікпен алыс» (Франция) фильмінде кейіпкердің өткен өмірі мен осы шақтағы бейнесі сомдалады. Апасының моласына барғанда ол есінен танып, өткен өмірге жасөспірім бала ретінде келеді. Ал режиссер Әділхан Ержановтың «Риэлторлар» фильмінде тарихқа деген өзіндік көзқарас танытқан кейіпкерді байқаймыз. Дарик есімді басты кейіпкер өткен қарыздары мен өмір сүрудің қиындығынан құтылу үшін басқа ғасырға еніп кетеді. Фильм де оның соңынан жаңа оқиғаларды табуға қарай ойысады.

Журналист А. Аламан мақалада кинофестиваль жайында осындай тың деректерге орын беріп, ҮІІ Халықаралық Еуразия кинофестивалін өткізу арқылы отандық кино өндірісінің қалыптасып келе жатқандығын сөз етеді. Бұл жөнінде журналист: «Бүгін де отандық продюсерлер мен режиссерлердің классикалық әдісінен арылу қажет. Кино түсіргенде кеңістік, жарық, түс, монтаждау, шапшандату, ритмді созу, камераның жаңа техникалық қабілетін қолдану сияқты тәсілдерді пайдалана білу қажет. Осы ретте жаңа мазмұнды бейнелі картиналардың формасын тауып, сыншылдық көзқарасты да игеру маңызды болмақ», – дейді.

Жалпы бір бірімен бәсекеге түсетін туындылар киноның кез келген бағытын игеріп, бейнелеу және құрылым жағынан жаңа және өзіндік ерекшелікке ие болуы тиіс. Себебі қазірдің өзінде киноларда мазмұнына қарай объективті шындық пен шартты субъективті кейіпкерлер көбейе түскен. Онда классика мен артхаус, коммерциялық пен авторлық бағыттардағы кинолар арасында шиеленіс туындап жатады.

2011 жылы Егор Кончеловскийдің «А»-ға оралу» және Ақан Сатаевтың «Ликвидатор» туындысы шықты. Бұл фильмдер Голливудқа тән экшн-фильм бағытында түсірілді. Сламбек Тәуекелдің кеңестік киностильде Кеңестік Қазақстанға жер аударылған кәрістер мен басқа да ұлт өкілдерінің бейнесін сомдаған «Жерұйық» тарихи фильмі ұсынылды. Қазақ балалар киножелісін белгілі режиссер Ерлан Нұрмұхамедовтың «Аңшы бала» картинасы жалғастырды. Бұл фильм ұтымды шыққан туынды ретінде бағаланды. Басты кейіпкер Қамбар – Абдолла Қарсақбаев «Қожасының» заманауи көрінісі. Міне, осы туындылар барлық кинофестивальдерден көрініс тауып, қазақ көрермендерін қуантқан болатын.

Журналист А. Аламан мақалада драматургиялық сюжеттерден басқаларға ұқсамайтын шешімдерді іздеуде «Гэкку» (режиссер Ғазиз Насыров), отандық комикс «Супер Баха» (реж. Төлеген Байтүкенов) туындыларына да тоқталып өтеді. Режиссер Әмір Қарақұловтың «Іске аспайтын махаббат» картинасында шынайы және қияли әйелді ойлап табу қажет болады. Ал Әділхан Ержановтың «Риэлторлар» фильмі де өз көрерменін табуды көздеді. Осы екі фильм уақыт пен шынайылықтың бірнеше құрылымдық алаңын құрғанымен ғана емес, бейнелеу әдіс-тәсілдерімен де ерекшеленді. Бүгінде заманауи қазақ киносы өзінің бейнелеу пішінін және стилін одан әрі қалыптастырып келеді.

Кинотілінің құралдарын тиімді пайдалана отырып, халықаралық стандартқа сай отандық киноларымызды шетелге шығару барлық көрермен үшін тартымды бола бастады. Бұл ізденіс кинематографистер мен көрермендердің жаңа талап пен талғамын қалыптастыра отырып, киноға деген сұранысын күшейтеді. Сондықтан отандық көрермендердің қазақ киносына деген қызығушылығы артып келеді. Көрермендер жаңа түсірілген ленталарға сыншы әрі төреші болып қалыптасып келе жатыр. Сондай-ақ сайттарда, интернет порталдарда киноларды талқылап, пікірлер тудыра алады.

Қорытынды

Заманауи қазақ киносының бүгінгі бағыты әлеуметтік мәселелерді көтеруге қарай ойыса бастады. Режиссерлер қоғамда орын алған келеңсіздіктер мен әлеуметтік әділетсіздікті, адамгершілік құндылықтардың құлдырауға ұшыраған жағдайларын киносценарийлер арқылы көрсете

туге тырысады. Мәселен Әділхан Ержановтың «Қаратас ауылындағы оба» фильмі әлеуметтік мәселе бағытындағы үздік кинотуындылардың қатарына іліккен болатын. Фильм ұлттық киноны жаңа деңгейге көтеріп, оның халықаралық дәрежеде мойындалуына әсер етті. Режиссер кино саласында өзіне тән ерекше стильді қалыптастырды. Режиссердің айтуынша, қазақ киносы тек өткен тарихымызды бейнелеп қана қоймай, қазіргі заманның өзекті мәселелерін де қамтуы тиіс. Ұлттық мәдениетімізді бүгінгі шынайы өмірдегі оқиғалармен байланыстырып ұсынған абзал болмақ.

Халықаралық кинофестивальдерде жүлделі орындарға ие болып, әлем назарын өзіне аударды. Серік Апрымовтың «Қызғалдақ», Дәрежан Өмірбаевтың «Шұға» фильмдері шетелдік көрермендердің зор ықыласына бөленіп, қазақ киносының халықаралық беделін көрсетіп, ұлтымыздың абыройын биікке көтерді. Бүгінгі таңда қазақ киносы жаңа белестерді бағындырып, ұлттымыздың бет-бейнесін әлемге танытуға зор үлес қосты. Заманауи технологиялар мен режиссерлік креативті идеялар қазақ кинематографиясына жаңа мазмұндық сипат алып келді. Жаңа толқын режиссерлер халықаралық стандарттарға сәйкес фильмдер түсіріп, ұлттық кино жасаудың заманауи әдістерін игеруге тырысып жатыр.

Еліміздің кино индустриясы жаңа бағыттарға қарай бет алып, жанрлық үлгілерді қолдана бастады. Драмалық және комедиялық, тарихи фильмдермен қоса ғылыми-фантастикалық жанрлар түсіріліп, қазақ киносына жаңаша леп әкелді. Халықаралық кинофестивальдерден жүлделі орын алған қазақ кинолары ұлттық стильдік және мазмұндық ерекшелікке ие болды. Әлемдік ортаға арналған кино мәдениетіне де зор үлес қосты.

БАҚ-тағы қазақ киносының көрініс табуы қоғамдық өмірде рухани-мәдени құндылықтармен қоса әлеуметтік мәселелерді де көтере білді. Журналистер отандық және шетелдік киноиндустрияны талдау арқылы халықтың ұлттық құндылықтары мен салт-дәстүр сабақтастығының маңызын ашып көрсетті. Киноға деген сыни көзқарас режиссерлік шешімнің үлесін арттырып, қоғам үшін салмақты ой-пікірлер тудырды. Халқымыздың мәдени құндылықтары жан-жақты дәріптелді. Мәселен, режиссер Әмір Байғазиннің «Өмір» фильмі отбасылық өмірдің қиын тұстарын жеңе білудің жолдарын шеше білуге үндей отырып, адамгершілік мәселесін көтереді. Бұл фильм «Шет

тіліндегі үздік фильм» номинациясы бойынша «Оскар» киноакадемиясының сыйлығына ұсынылған болатын. Кинотуынды көрермендерге отбасылық қарым-қатынас пен өмірде кездесетін қиындықтарды жеңе білуге бағыт-бағдар береді. Әрбір жаңа түсірілген кино қоғамның рухани дүниесін молайтып, ұлттық құндылықтарды сақтауға ұмтылыс танытады.

Қорыта айтқанда, қазақ киносы – ұлтымыздың мәдени мұрасын насихаттайтын тарихи және рухани шығармашылық туынды. Кино түсіру арқылы қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрі сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жол тартады. Киносценарийлердің мәдени мұра ретіндегі құндылығы оның ұлттық болмыс пен тарихымызды сақтап қалудағы рөлінен көрініс табады. Қазіргі қазақ киносының шығармашылық деңгейі жылдан жылға арта түсіп, халықаралық аренаны бағындырып отыр. Сондықтан қазіргі қазақ киносын БАҚ-та насихаттау ісін одан әрі дамыта түсіп, шығармашылық әлеуетіне тың серпін беру маңызды болмақ.

Авторлардың үлесі

Төлекова Гүлнар (корреспондент автор) – зерттеу мақалаға қатысты ақпараттарды жинастыру, отандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдарын зерттеу, ғылыми-әдістемелік негіздерді талдау.

Жагипарова Майра – әдебиеттерге шолу бөлімінің мәліметтерін зерттеу, scopus.com деректер базасының сілтемелерін жинақтау, базадағы ғылыми цитаталарды аудару, қазақша мәтіндерді редакциялау.

Қаршығаева Айнұр – БАҚ материалдарына зерттеу процесін жүргізу, соның ішінде тақырыпқа қатысты деректер/дәлелдер жинау, мәтінді редакциялау және толықтыру;

Аринова Балжан – зерттеудің жалпы мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыру немесе дамыту.

Орнықбай Тоқтабай – бастапқы зерттеу тобы мүшелері тарапынан жарияланған жұмысты дайындау және өңдеу, соның ішінде сыни шолу, пікір білдіру немесе түзету.

Әдебиеттер

- Амандосов, Т. (1978). *Совет журналистикасының теориясы*. – Алматы: Мектеп, 240 б.
- Аронсон, О. (2018). Кино и философия. От текста к образу. – М.: Институт философии РАН. //https://iphras.ru/uplfile/root/books/2018/Aronson.pdf
- Anwar, R., Mu'yidarrah, A., & Winoto, Y. (2025). Trends and structures in film criticism research: A bibliometric review of scientific literature. *ProTVF*, 9 (2), 170-190. doi:https://doi.org/10.24198/ptvf.v9i2.59077
- Адорно, Т., Хоркхаймер, М. (2016) Культурная индустрия. – М.: Ад-Маргинем. https://www.litres.ru/book/teodor-v-adorno/kulturnaya-industriya-prosveschenie-kak-sposob-obmana-mass-24263472/
- Austin, T. (2025) Black and white in colour: looking across race in Spike Lee's *Clockers* and *Summer of Sam*. //Pages 211-230. //https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/17400309.2025.2465174
- Абикеева, Г. (1998) Новое казахское кино: каталог. Международный кинофестиваль «Евразия». – Алматы. – С.152.
- Amirbekova, D., Nogerbek, B., Aidar, A., Muratkyzy, A., & Kudabayev, A. New Model of Contemporary Kazakh Cinema – Artstream: Trends and Paradigms. Warsaw, Poland: DeGruyter Open, 2025. DOI:10.1515/culture-2025-0050 //https://www.researchgate.net/publication/389942086_New_Model_of_Contemporary_Kazakh_Cinema_-_Artstream_Trends_and_Paradigms
- Абу, Қ. Қазақ киносының қауқары. //Алты алаш, 5 қазан, 2012. 4 б.
- Абудов, Н. Лондонда қазақ киносының күндері өтті //Жас Алаш, 2011, 8 қараша. 6 б.
- Аламан, А. Қазақ киносы көбейіп келеді. //Жас қазақ үні, 14-20 қазан, 2011. 10-11 бб.
- Абсаттар, П. Қазіргі қазақ киносы ұлттық тұтастығымызға қауіпті //Жас қазақ, 29 мамыр, 2010. 6-7 бб.
- Әбітай, А. Қазақстандық кинокомпаниялар қанша салық төлейді? //Курсив-медиа, 26 наурыз, 2025. https://kz.kursiv.media/kk/2025-03-26/slbt-qazaqstandyq-kinokompaniyalar-qansha-salyq-toelejdi/
- Беньямин, В. (2012). Произведение искусства в эпоху его технической воспроизводимости. //omiliya.org, – С.328. https://omiliya.org/article/proizvedenie-iskusstva-v-epokhu-ego-tekhnicheskoi-vosproizvodimosti-valter-benjamin.html
- Барманкүлов, М. (2002). *Телевидение: деньги или власть*. – Алматы: Санат, 220 б.
- Vaimukhanova, S., Belov, V., Abdyzhadylykyzy, Zh, Abdyldayeva, & Ch, Baitanayev, A. (2024). Methodology of visual techniques in the cinematographic art of Kazakhstan in 1930–2020, *Observatorio*, Vol. 18 No. 3. DOI: https://doi.org/10.15847/obsOBS18320242489
- Dixon, B. (2025). Self-reflexive stardom and the early television sitcom: parafictional persona in *The George Burns and Gracie Allen Show*. //Pages 231-254. 11 Jun. //https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/17400309.2025.2502686
- Делез, Ж. (2004). Кино. – М.: Ад-Маргинем, 2004. https://yanko.lib.ru/books/philosoph/deleuze-cinema-ru.pdf
- Дүтбаева, Н. «Қазақ Елі» «Көшпенділердің» керін қайталамайды. //Қазақ әдебиеті, 13 қараша, 2015. //https://qazaqadabiet.kz/2646/aza-eli-k-shpendilerdi-kerin-ajtalamajdy

- Жұмабай, М. Қазақ киносын қазақ теледидарынан көрсету үшін неге демеуші іздейміз? //Ана тілі, 30 шілде, 2006. 9 б.
- Zhobalay, A. (2025). *Kazakh cinema and reflection of historical figures: decolonization and rethinking of cultural identity*. Prague, Czech Republic, 2025. *Research Reviews*, (9). Retrieved from <https://ojs.scipub.de/index.php/RR/article/view/5889>
- Mursalimova, G., Aidarova, A., & Yedilbayev, B. (2018) *Artistic Trends in Children Cinema of Post-Soviet Kazakhstan*. *Mediterranean Journal of Social Sciences* 6(2). DOI:10.5901/mjss.2015.v6n2s4p95
- Мұқышева, Н. Қазақ киносы: кеше және бүгін. – Астана: Фолиант, 2017. – 467 б.
- Medeiros, T., & Vanz, S. (2025). *Mapping international research in Cinema, Audiovisual, and Animation: A metric study in Scopus* //Mapping international research in Cinema, Audiovisual, and Animation: A metric study in Scopus | Revista Panamericana de Comunicación. Sun, 16 Nov, DOI: 10.21555/rpc.v7i2.3393
- Nogerbek, B., & Aidarova, A. (2012). *Two Culture’s Characters in Contemporary Kazakh Cinema* //World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences Vol:6, No:8. ISNI:0000000091950263. <https://publications.waset.org/7859/two-culture-s-characters-in-contemporary-kazakh-cinema>
- Ногербек, Б. (1998) *Кино Казахстана*. – Алматы: Национальный продюсерский центр, 1998. – С. 271.
- Kamza, A. (2021). *Kazakh cinema and the nation: a critical analysis*. PhD thesis, University of Glasgow. <https://theses.gla.ac.uk/82200/7/2021KamzaPhD.pdf>
- Копбаева, Г., Nurpeis, B., Eskendirov, N., & Gabdrashitova, K. (2022). *Trends in Film Studies in the Context of Modern World Cinematography*. *International Journal of Criminology and Sociology*, 9, 1876–1883. <https://doi.org/10.6000/1929-4409.2020.09.216>
- Pruner, L. (1992) *The New Wave in Kazakh Cinema*. //Slavic Review, Vol. 51, No. 4 (Winter, 1992), pp. 791-801 (11 pages). Cambridge University Press. // <https://www.jstor.org/stable/2500140>
- Прохоров, Е. (1995). *Введение в теорию журналистики*. – Москва: Изд-во МГУ, 1995. – С.293.
- Прессер, Ф. (2010). *Журналистское творчество и аналитика*. – Москва: Изд-во МГУ, 1995. – С.220.
- Ramazanova, B. (2025). *Documentary cinema as social therapy: Kazakhstan’s experience in portraying collective trauma on screen*, *Studies in Russian and Soviet Cinema*. //https://doi.org/10.1080/17503132.2025.2450928, Pages 67-79 | Published online: 16 Jan.
- Садықова, Г. Бізде жанбай жатып сөнетін «жұлдыздар» көп. //Жас қазақ, 16 мамыр, 2010. *Кинотанушы, профессор Б. Ногербекпен сұхбат*. 7-8 бб.
- Тертычный, А. (2000). *Жанры печати, радио и телевидения*. – Москва: Аспект Пресс, – С.230.
- Tilland, B., & Tsai, B. (2023). *Of fleas and Parasite: unpacking class and space in Bong Joon-ho’s Barking Dogs Never Bite* // Pages 668-685. //https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/17400309.2023.2246349https://doi.org/10.1080/17400309.2023.2246349
- Хрусталева, И. (2014). *Аналитическая журналистика. Теория и практика*. – Москва, С.240.

References

- Amandosov, T. (1978). *Sovet jurnalistikasynyn teoriasy* [Theory of Soviet journalism]. – Almaty: Mektep, 240 b.
- Aronson, O. (2018). *Kino i filosofiya. Ot teksta k obrazu* [Cinema and Philosophy. From Text to Image]. – M.: Institut filosofii RAN.
- Anwar, R. K., Mu’yidarrhamatillah, A. A & Winoto, Y. (2025). *Trends and structures in film criticism research: A bibliometric review of scientific literature*. *ProTVF*. 9(2), 170-190. <https://doi.org/10.24198/ptvf.v9i2.59077>
- Adorno, T., & Khorkkhaimer M. (2016). *Kulturnaya industriya* [Cultural industry]. – M.: Ad-Marginem //https://www.litres.ru/book/teodor-v-adorno/kulturnaya-industriya-prosveschenie-kak-sposob-obmana-mass-24263472/
- Austin, T. (2023). *Black and white in colour: looking across race in Spike Lee’s Clockers and Summer of Sam*. //Pages 211-230. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/17400309.2025.2465174>
- Abikeeva, G. (1998). *Novoe kazakhskoe kino: katalog, Mejdunarodnyiy kinofestival «Evraziya»* [New Kazakh Cinema: Catalogue, «Eurasia» International Film Festival], – Almaty, – S.152.
- Amirbekova, D., Nogerbek, B., Aidar, A., Muratkyzy, A., & Kudabayev, A. (2025). *New Model of Contemporary Kazakh Cinema – Artstream: Trends and Paradigms*. Warsaw, Poland: De Gruyter Open // <https://www.degruyterbrill.com/document/doi/10.1515/culture-2025-0050/html>
- Abu, K. *Kazakh kinosynyn kaukary* [The power of Kazakh cinema]. //Alty alash, 5 kazan, 2012. 4 b.
- Abudov, N. *Londonda kazakh kinosynynun kunderi otti* [Days of Kazakh cinema held in London]. //Jas Alash, 2011, 8 qarasha. 6 b.
- Alaman, A. *Kazakh kinosity kobeiip keledi* [Kazakh cinema is increasing?]. //Jas kazakh uni, 14-20 kazan, 2011. 10-11 bb.
- Absattar, P. (2010). *Kazirgi kazakh kinosity ulttyk tutastygymyzga kauipti* [Modern Kazakh cinema is a threat to our national integrity] //Jas Kazakh, 29 мамыр. 6-7 bb.
- Abitai A. *Kazaktandyk kinokompanialar kansha salyk toleidi?* [How much tax do Kazakhstani film companies pay?]. //Kursiv-media, 26 nauryz, 2025.
- Benyamin, V. (2012). *Proizvedenie iskusstva v epokhu yego tekhnicheskoi vosproizvodimosti* [A work of art in the era of its technical reproducibility]. //omiliya.org, –328. //https://omiliya.org/article/proizvedenie-iskusstva-v-epokhu-ego-tekhnicheskoi-vosproizvodimosti-valter-benyamin.html
- Barmankulov, M. (2002). *Televidenie: dengi ili vlast* [Television: money or power]. – Almaty: Sanat, 220 b.

Baimukhanova, S., Belov V., Abdyzhadylkyzy, Zh, Abdyldayeva, Ch, & Baitanayev, A. (2024). Methodology of visual techniques in the cinematographic art of Kazakhstan in 1930 – 2020. *Observatorio*, Vol. 18 No. 3. DOI: <https://doi.org/10.15847/obsOBS18320242489>

Dixon, B. (2025). Self-reflexive stardom and the early television sitcom: parafictional persona in *The George Burns and Gracie Allen Show*. //Pages 231-254.11 Jun. <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/17400309.2025.2502686>

Delez, J. (2004). *Kino [Cinema]*. – M.: Ad-Marginem. <https://yanko.lib.ru/books/philosoph/deleuze-cinema-ru.pdf>

Dutbaeva, N. «Kazakh Eli» «Kospendilerdin» kerin kaytalamaydy [The film «Qazaq Eli» will not repeat the mistakes of «Koshpendiler»]. // *Kazakh adebieti*, 13 karasha, 2015. // <https://qazaqadebieti.kz/2646/aza-eli-k-shpendilerdi-kerin-ajtalamajdy>

Jumabai, M. *Kazakh kinosyn kazakh teledidarynan korsetu ushin nege demeushi izdeimiz?* [Why are we looking for sponsors to show Kazakh cinema on Kazakh television?] // *Ana tili*, 30 shilde, 9 b.

Zhobalay, A. (2025). *Kazakh cinema and reflection of historical figures: decolonization and rethinking of cultural identity*. Prague, Czech Republic. *Research Reviews*, (9). Retrieved from <https://ojs.scipub.de/index.php/RR/article/view/5889>

Mursalimova, G., Aidarova, A., & Yedilbayev, B. (2018) *Artistic Trends in Children Cinema of Post-Soviet Kazakhstan*. *Mediterranean Journal of Social Sciences* 6(2). DOI:10.5901/mjss.2015.v6n2s4p95

Mukysheva, N. (2017) *Kazakh kinosy: keshe jane bugin* [Kazakh cinema: yesterday and today]. – Astana: Foliant. – 467 b.

Medeiros, T., & Vanz, S. (2025). Mapping international research in Cinema, Audiovisual, and Animation: A metric study in Scopus // *Mapping international research in Cinema, Audiovisual, and Animation: A metric study in Scopus | Revista Panamericana de Comunicación*. Sun, 16 Nov, DOI: 10.21555/rpc.v7i2.3393

Nogerbek, B., & Aidarova, A. (2012). Two Culture's Characters in Contemporary Kazakh Cinema // *World Academy of Science, Engineering and Technology International Journal of Humanities and Social Sciences* Vol:6, No:8. ISNI:0000000091950263. <https://publications.waset.org/7859/two-culture-s-characters-in-contemporary-kazakh-cinema>

Nogerbek, B. (1998). *Kino Kazakhstana [Cinema of Kazakhstan]*. – Almaty: Natsionalnyy prodyuserskiy tsentr [National Production Center]. –S. 271.

Kamza, A. (2021) *Kazakh cinema and the nation: a critical analysis*. PhD thesis, University of Glasgow. // <https://theses.gla.ac.uk/82200/7/2021KamzaPhD.pdf>

Kopbayeva, G., Nurpeis, B., Eskendirov, N., & Gabdrashitova, K. (2022). Trends in Film Studies in the Context of Modern World Cinematography. *International Journal of Criminology and Sociology*, 9, 1876–1883. <https://doi.org/10.6000/1929-4409.2020.09.216>

Pruner, L. (1992) *The New Wave in Kazakh Cinema*. // *Slavic Review*, pp. 791-801 (11 pages). Cambridge University Press. // <https://www.jstor.org/stable/2500140>

Prokhorov, Ye. (1995). *Vvedenie v teoriyu zhurnalistiki* [Introduction to the theory of journalism]. – Moskva: MGU, 1995. – s.293.

Presser, F. (2010). *Zhurnalistikoe tvorchestvo i analitika* [Journalistic creativity and analytics]. – Moskva: MGU, 1995. – s.220.

Ramazanova, B. (2025). *Documentary cinema as social therapy: Kazakhstan's experience in portraying collective trauma on screen, studies in Russian and Soviet Cinema*. // <https://doi.org/10.1080/17503132.2025.2450928>, Pages 67-79 | Published online: 16 Jan 2025.

Sadykova, G. Bizde janbai jatyp sonetin «juldyzdar» kop [We have many «stars» that go out without burning]. // *Jas kazakh*, 16 mamyr, 2010. *Kinotanushy*, professor B. Nogerbekpen suhbat. 7-8 bb.

Tertichniy, A. *Zhanri pechati, radio i televideniya* [Genres of print, radio, and television]. – Moskva, 2000.

Tilland, B., & Tsai, B. Of fleas and Parasite: unpacking class and space in Bong Joon-ho's *Barking Dogs Never Bite* // Pages 668-685. Received 23 Oct 2020, Accepted 30 Apr 2021, Published online: 12 Oct 2023. // <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/17400309.2023.2246349> <https://doi.org/10.1080/17400309.2023.2246349>

Khrustaleva, I. *Analiticheskaya zhurnalistika*. [Analytical Journalism]. [Theory and Practice]. – Moskva, 2014.

Авторлар туралы мәлімет:

Төлекова Гүлжан (корреспондент-автор) – филология ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университеті «Медиа және мәдениетаралық коммуникация» жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: g.tulekova@turan-edu.kz).

Жагіпарова Майра – педагогика ғылымдарының магистрі, «Тұран» университетінің «Медиа және мәдениетаралық коммуникация» жоғары мектебінің сениор-лекторы (Алматы, Қазақстан, e-mail: m.zhagiparova@turan-edu.kz).

Қаршығаева Айнұр – филология ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университеті «Медиа және мәдениетаралық коммуникация» жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры (Алматы, Қазақстан, e-mail: a.karshigayeva@turan-edu.kz).

Аринова Балжан – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты (Астана, Қазақстан, e-mail: balzhan.arinova08@mail.ru).

Орнықбай Тоқтабай – Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ассистент-режиссері (Алматы, Қазақстан, e-mail: ornuqbai@mail.ru).

Information about authors:

Tulekova Gulzhan (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor at the Higher School of Media Communications and Cultural Studies, Turan University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: g.tulekova@turan-edu.kz).

Zhagiparova Mayra – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer at the Higher School of Media and Intercultural Communication of Turan University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: m.zhagiparova@turan-edu.kz).

Karshigayeva Ainur – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, at the Higher School of Media Communications and Cultural Studies, Turan University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.karshigayeva@turan-egu.kz).

Arinova Balzhan – 1st year master's student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: balzhan.arinova08@mail.ru).

Ornykbay Toktabay – Assistant director of the Kazakh National Academy of Arts named after T. Zhurgenov (Almaty, Kazakhstan, e-mail: ornyqbai@mail.ru).

Сведения об авторах:

Түлекова Гүлжан (автор-корреспондент) – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Высшей школы «Медиа и межкультурная коммуникация» университета «Туран» (Алматы, Казахстан, e-mail: g.tulekova@turan-edu.kz).

Жагіпарова Майра – магистр педагогических наук, сеньор-лектор Высшей школы «Медиа и межкультурная коммуникация» университета «Туран» (Алматы, Казахстан, e-mail: m.zhagiparova@turan-edu.kz).

Қаршигаева Айну́р – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Высшей школы «Медиа и межкультурная коммуникация» университета «Туран» (Алматы, Казахстан, e-mail: a.karshigayeva@turan-egu.kz).

Аринова Балжан – магистрант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Астана, Казахстан, e-mail: balzhan.arinova08@mail.ru).

Орнықбай Токтабай – ассистент-режиссер Казахской Национальной академии искусств им. Т. Жургенова (Алматы, Казахстан, e-mail: ornyqbai@mail.ru).

*Келіп түсті: 7 ақпан 2026 жыл
Қабылданды: 21 сәуір 2026 жыл*

МРНТИ 19.21.91

<https://doi.org/10.26577/HJ80220263>**С.А. Сейдеханов**

Университет «Туран», Алматы, Казахстан

e-mail: s.seidekhanov@turand.edu.kz

АЛГОРИТМИЧЕСКАЯ ОСВЕДОМЛЕННОСТЬ КАК ДЕТЕРМИНАНТА МЕДИАДОВЕРИЯ В ЦИФРОВОЙ СРЕДЕ КАЗАХСТАНА

В условиях цифровой трансформации алгоритмическое посредничество платформ все чаще определяет доступ пользователей к новостному контенту, однако его влияние на медиадоверие в постсоветских медиасистемах, в частности в Казахстане, остается недостаточно изученным.

Цель работы – выявить уровень алгоритмической осведомленности интернет-пользователей в Казахстане и определить характер ее взаимосвязи с доверием к традиционным СМИ, социальным сетям и мессенджеру Telegram. Основные направления включают теоретический анализ алгоритмической власти и платформизации медиа, а также эмпирическое измерение когнитивных и поведенческих аспектов осведомленности.

Научная значимость заключается в адаптации западных концептов алгоритмической осведомленности к казахстанскому контексту. Практическая значимость состоит в возможности использования выводов при разработке образовательных программ медиаграмотности и политик повышения прозрачности алгоритмов.

Эмпирическая база – количественный онлайн-опрос ($n = 50$), проведенный в марте 2026 года. Применялась четырехуровневая модель алгоритмической осведомленности (декларативное знание, процессное понимание, рефлексивное осознание, поведенческий отклик) и шкала медиадоверия по методике Лайкерта.

Респонденты демонстрируют высокий уровень декларативной осведомленности об алгоритмах ($M = 3.99$), но слабую поведенческую рефлексивность. Доверие к традиционным СМИ низкое ($M = 2.93$), к социальным сетям – еще ниже ($M = 2.67$). Статистически значимой связи между осведомленностью и доверием не выявлено, что указывает на доминирование историко-институциональных факторов недоверия.

Работа впервые эмпирически верифицирует концепт алгоритмической осведомленности в казахстанском медиапространстве, выявляя разрыв между знанием алгоритмов и практиками информационной гигиены.

Результаты могут быть использованы при разработке модулей по алгоритмической грамотности для школ и вузов, а также в рамках обсуждения мер по повышению прозрачности рекомендательных систем цифровых платформ.

Ключевые слова: алгоритмическая осведомленность, медиадоверие, платформенные медиа, алгоритмическая власть, персонализация новостей, фильтр-пузырь, постсоветская медиасистема.

S.A. Seidekhanov

Turan University, Almaty, Kazakhstan

e-mail: s.seidekhanov@turand.edu.kz

Algorithmic awareness as a determinant of media trust in the digital environment of Kazakhstan

In the context of digital transformation, algorithmic mediation of platforms increasingly determines users' access to news content, but its impact on media trust in post-Soviet media systems, in particular in Kazakhstan, remains poorly understood.

The aim of the work is to identify the level of algorithmic awareness of Internet users in Kazakhstan and to determine the nature of its relationship with trust in traditional media, social networks and the Telegram messenger. The main areas include theoretical analysis of algorithmic power and media platformization, as well as empirical measurement of cognitive and behavioral aspects of awareness.

A brief description of the scientific and practical significance of the work. The scientific significance lies in the adaptation of Western concepts of algorithmic awareness to the Kazakh context. The practical

significance lies in the possibility of using the findings in the development of educational programs for media literacy and policies to increase the transparency of algorithms.

A brief description of the research methodology. The empirical basis is a quantitative online survey ($n = 50$) conducted in March 2026. A four-level model of algorithmic awareness (declarative knowledge, process understanding, reflexive awareness, behavioral response) and a scale of media trust using the Likert method were used.

Асқар Егеубаев – қазақ публицистикасы мен әдебиеттануына зор үлес қосқан көрнекті ғалым-публицист. Қазақ әдебиеті мен баспасөзіндегі шығармашылық траекториясын әдеби сыннан бастап, кейін әдеби-көркем публицистика, аударматану тоғысындағы интердисциплинарлық ізденістермен кеңейтті. Оның мәтіндік стратегиясы жалаң ақпарат пен конъюнктуралық насихаттан алшақ, қоғамдық сананың ұзақ мерзімді трансформациясына бағытталған идеялық-салмақты дискурсқа сүйенеді. Екі қоғамдық формацияны бастан кешкен автордың тәуелсіздік кезеңіндегі жазу манерасы тематикалық спектрдің кеңеюі, аналитикалық тереңдік пен аргументацияның логос-этнос-пафос тепе-теңдігі арқылы айшықталады. 1980 жылдары-ақ оның ғылыми, сараптамалық мақалалары мен көркем очерктері поэтикалық мағыналығымен дараланып, публицистика мен әдеби сынның синтезін көрсетті.

Асқар Егеубаев – қазақ журналистикасы, әдеби сын және мәдени публицистика кеңістігінде өзіндік орны бар көрнекті қаламгер. Оның шығармашылық қызметі тек әдебиеттану немесе көркем публицистика аясымен шектелмей, мерзімді баспасөз жүйесінде, әсіресе «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», т.б. республикалық газеттермен тығыз байланысты кәсіби журналистік тәжірибесі арқылы айқындалады. Қаламгердің аталған басылымдардағы қызметі оның авторлық ұстанымын, тақырыптық бағдарын және ұлттық баспасөздегі кәсіби стандарттарды қалыптастырудағы рөлін тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Егеубаевтың баспасөз беттеріндегі жарияланымдары әдеби сын, мәдениет, тіл, ұлттық құндылықтар және қоғамдық сана мәселелерін кешенді қарастырумен ерекшеленеді. Оның мақалаларында ақпарат берумен қатар, талдау, интерпретация және қоғамдық пікірге ықпал ету функциялары үйлесім табады. Бұл тұрғыдан алғанда, автор публицистикасы мәдени журналистика контекстінде қарастырылып, медиадағы мәдени дискурстың қалыптасу ерекшеліктерімен сабақтастықта талданады. Егеубаев мәтіндеріндегі мәдени кодтар, тарихи жады, ұлттық идея мен руханият мәселелері медиадискурстың маңызды құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады.

Журналистика теориясы тұрғысынан қарағанда, Егеубаев публицистикасы әдеби сын мен көркем публицистиканың синтезі негізінде қалыптасқан күрделі медиамәтін үлгісін ұсынады.

Оның авторлық мақалалары мен очерктерінде ғылыми пайым, көркемдік бейнелеу, аргументация және публицистикалық пафос өзара тоғысып, медиакоммуникацияның әсер ету әлеуетін күшейтеді. Бұл ерекшелік оның шығармаларын тек әдеби құбылыс ретінде ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырудың тиімді құралы ретінде қарастыруға негіз болады.

Зерттеудің нысаны ретінде А. Егеубаевтың «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан», «Әдебиет айдыны», «Түркістан», т.б. газеттерінде жарияланған публицистикалық және сыни мақалалары, очерктері, әдеби портреттері, эсселері, сұхбаттары мен жеке жинақтары да алынды. Зерттеу барысында қаламгердің тақырыптық ауқымы, авторлық позицияны беру тәсілдері, аргументация жүйесі және медиадискурстағы коммуникативтік стратегиялары талданады.

Зерттеудің мақсаты – Асқар Егеубаевтың журналистік қызметін, әсіресе «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газетіндегі еңбектерін талдау арқылы оның қазақ журналистикасына қосқан үлесін айқындау және мәдени журналистика контекстінде оның публицистикасындағы әдеби сын мен көркем публицистика синтезінің ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды:

- баспасөз беттеріндегі авторлық жарияланымдардың тақырыптық және жанрлық ерекшеліктерін анықтау;
- публицистикалық мәтіндердегі мәдени дискурстың көрінісін талдау;
- әдеби сын мен көркем публицистика синтезінің медиакоммуникациядағы қызметін айқындау;
- автор мәтіндерінің қоғамдық пікірге ықпал ету тетіктерін анықтау;
- қаламгердің әдеби сын мен публицистика синтезі арқылы қалыптасқан авторлық стильдің ерекшелігін саралау.

Зерттеу әдіснамасы мәдени журналистика теориясы, медиадискурс талдауы, салыстырмалы-типологиялық, контенттік және дискурстық талдау әдістеріне негізделеді. Сонымен қатар, журналистік қызметті талдау тәсілдері арқылы автордың кәсіби тәжірибесі мен медиамәтін құрылымы кешенді қарастырылды. Зерттеу барысында Асқар Егеубаевтың шығармашылығының көркем публицистикалық қыры оның идеялық-эстетикалық мазмұны, тақырыптық-стильдік ерекшеліктері және ұлттық дүниетаныммен сабақтастығы мәдени коммуникация тұрғысынан кешенді түрде талданып, оның қазақ баспасөзіндегі орны мен рөлі айқындалады. Асқар Егеу-

баевтың публицистикалық мұрасы тек әдеби-эстетикалық құбылыс ретінде ғана емес, мәдени журналистика аясындағы маңызды медиакоммуникациялық феномен ретінде бағаланады.

Зерттеудің ғылыми жаңашылығы – Асқар Егеубаевтың публицистикалық мұрасын алғаш рет мәдени журналистика және медиадискурс тұрғысынан кешенді талдауда, сондай-ақ оның авторлық жарияланымдарының ұлттық баспасөздегі кәсіби стандарттарды қалыптастырудағы ролін нақтылауда көрінеді. Сонымен қатар, әдеби сын мен көркем публицистика синтезінің медиакоммуникациядағы қызметі жүйелі түрде айқындалып, публицистикалық мәтіндердің қоғамдық пікірге ықпал ету тетіктері теориялық тұрғыдан негізделді.

Зерттеудің практикалық маңызы оның нәтижелерін журналистика, медиа және филология бағыттарындағы оқу үдерісінде, атап айтқанда, публицистика теориясы, мәдени журналистика және медиадискурс талдауы пәндерінде қолдануға болатындығымен анықталады. Сондай-ақ, алынған тұжырымдар қазіргі медиатәжірибеде аналитикалық және мәдени бағыттағы публицистикалық мәтіндердің сапасын арттыруға, авторлық стильді жетілдіруге және ұлттық құндылықтарды насихаттау стратегияларын дамытуға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Әдеби сын – көркем әдебиеттің даму үдерісіне тікелей ықпал ететін, қоғамдық-әлеуметтік оймен тығыз сабақтас ғылыми-публицистикалық қызмет саласы. Ол көркем шығарманы талдау мен бағалауды жүзеге асыра отырып, тек эстетикалық өлшемдермен шектелмей, белгілі бір тарихи кезеңдегі әлеуметтік, рухани, идеологиялық мәселелерді де қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби сын публицистикаға тән белгілермен, атап айтқанда, заманауи өзектілікпен, авторлық позицияның айқындығымен, бағалаушылық сипатпен және қоғамдық пікір қалыптастыру функциясымен сипатталады. Ғылыми пайым мен дәлелді талдауға сүйенгенімен, әдеби сын мәтіндерінде сыншының азаматтық ұстанымы, дүниетанымы мен әлеуметтік жауапкершілігі айқын көрініс табады. Бұл оның публицистикалық табиғатын айқындайды. Демек, әдеби сын ғылыми-теориялық ойлау мен публицистикалық пафостың тоғысында қалыптасып, әдеби процесі ғана емес, сонымен бірге қоғамдық сананы да бағыттаушы қызмет атқарады.

Публицистика мен әдеби сын тарихи тұрғыдан мерзімді баспасөз аясында қалыптасып, дамыды. Газет пен журнал беттерінде жарық көрген публицистикалық мақалалар мен сын еңбектер қоғамдық өмірдің өзекті мәселелеріне жедел үн қатып, әдеби үдерісті бағалау мен бағыттаудың негізгі алаңына айналды. Осылайша баспасөз публицистика мен әдеби сынның институционалдық негізін құрап, олардың жанрлық, идеялық әрі стильдік тұрғыдан жетілуіне шешуші ықпал етті.

Көркем публицистика мен әдеби сынның баспасөз аясында қалыптасып, дамуы журналистика мен әдебиеттану саласындағы бірқатар зерттеулерде жүйелі түрде қарастырылады (Panasenکو & Petrovičová, 2024; Асқарова & Оспанова, 2021; Sadiya, 2024; Бөпежанова, 2021). Әдеби сынның баспасөздегі жетекші ролін Д. Ысқақұлы 2021 жылдың 3 желтоқсанда «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған «Әдеби сында жанғыру бар» атты мақаласында: «Әдеби сынның негізгі өмірі – баспасөзде. Сынның жандана бастауы «Қазақ әдебиеті» газетінің беттерінен айқын көрінеді», – деп нақты айтап өтеді (Ысқақұлы, 2021: 8-9). Бұл тұжырым әдеби сынның баспасөздік дискурстағы функционалдық маңызын айқындайды. Сонымен қатар өз кезеңінде В. Г. Белинскийдің журнал мен сын арасындағы өзара байланыс жөніндегі пайымдаулары әдеби сынның баспасөздегі орны мен маңызын тарихи-теориялық тұрғыдан негіздейді. Ол журналды сынсыз «бетсіз образға» теңей отырып, сынның баспасөз үшін идеялық бағдар беретін, мазмұндық тұтастық қалыптастыратын басты күш екенін көрсетеді (Белинский, 1948). Аталған тұжырымдар әдеби сынның баспасөздегі қосалқы элемент емес, керісінше, оның ішкі құрылымын ұйымдастыратын және рухани-идеялық тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды құрамдас бөлік екенін айғақтайды.

Белгілі сыншы-ғалым Т. Кәкішұлының қазақ әдеби сынының қалыптасуына жазба әдебиет, публицистика және баспасөздің өзара ықпалдастығы шешуші рөл атқарғаны жөніндегі пікірі әдеби сынның табиғатын кешенді түрде тануға мүмкіндік береді (Кәкішұлы, 2013). Ғалым әдеби сынның жеке дара, оқшау құбылыс емес, керісінше, әдебиет пен қоғамдық ойдың, баспасөз бен публицистиканың тоғысынан туған синкретті сала екенін айқындайды. Бұл тұжырым әдеби сынның тек көркем мәтінді талдаумен шектелмей, қоғамдық санаға әсер ететін публицистикалық қызмет атқаратынын көрсетеді. Яғни, қазақ

әдеби сынының тууы мен дамуы қоғамдық пікір қалыптастыратын ақпараттық кеңістікпен тікелей байланысты болған. Ал Д. Ысқақұлының «Сын өнері» еңбегіндегі сынның публицистикалық сипаты туралы пікірі осы ойды тереңдете түседі. Ғалым сынның негізгі өмір сүру ортасы ретінде баспасөзді атап көрсетеді. Оның «баспасөз жоқ жерде шын мәніндегі әдеби сын да болмайды» деген тұжырымы әдеби сынның қоғамдық қызметін айқын аңғартады. (Ысқақұлы, 2021). Бұл пікір сынның тек ғылыми-теориялық емес, қоғамдық-коммуникативтік мәні бар екенін дәлелдейді. Сын баспасөз арқылы оқырманмен тікелей байланыс орнатып, заманауи әдеби үдерістерге жедел үн қатады, сол арқылы публицистикалық сипатқа ие болады. Осы үш публицист әрі сыншы-ғалымдардың пікірін салыстыра талдай келе, әдеби сын мен публицистиканың синтезі заңды әрі тарихи қалыптасқан құбылыс екені анықталады.

Әдеби сын баспасөз арқылы жүзеге асатын қоғамдық-рухани қызмет болғандықтан, ол әлеуметтік коммуникация жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қызмет етеді. Яғни сын мәтіні тек көркем туындыны бағалаумен шектелмей, автор – мәтін – оқырман арасындағы мәдени ақпарат алмасу үдерісін қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби сын медиакеңістікте қалыптасатын мәдени дискурстың маңызды сегменті болып саналады. Мәдени журналистика, сын және цифрлық мәдениет бағыттарындағы еңбектерімен танымал Копенгаген университетінің профессоры Нете Нёргорд Кристенсен «Цифрлық дәуірдегі мәдени сын: жаңа дауыстар» еңбегінде (Kristensen, 2021) мәдени журналистиканы «мәдени мағыналарды өндіру, түсіндіру және таратуға бағытталған арнайы журналистика саласы» деп сипаттай отырып, оның тек ақпараттық емес, интерпретациялық сипатын алға тартады. Бұл тұжырым әдеби сынның да медиадағы мәдени коммуникацияның белсенді қатысушысы екенін дәлелдейді.

Медиадағы мәдени дискурс – қоғамның рухани құндылықтары, эстетикалық талғамы, тарихи жад пен ұлттық идея төңірегіндегі пікірталастардың жиынтығы. Әдеби сын осы дискурстың интеллектуалдық өзегін құрай отырып, көркем шығарманы талдау арқылы ұлттық дүниетаным, тіл, мәдени код, тарихи сабақтастық мәселелерін күн тәртібіне шығарады. Сыншының пайымы публицистикалық өткірлікпен ұштасқанда, мәтін қоғамдық резонанс тудыратын пікір алаңына айналады. Мұнда азаматтық пафос пен ғылыми

дәлел, эстетикалық талдау мен әлеуметтік бағалау қатар өріледі. Осы орайда Швеция университетінің профессоры Кристина Ригерт мәдени журналистиканы «қоғамдағы мәдени мағыналар мен құндылықтарды қалыптастыратын пікір кеңістігі» (Riegert et al., 2022) ретінде қарастырып, оның демократиялық дискурсқа ықпал ететінін атап өтеді. Бұл пікір әдеби сынның медиадағы пікірталастық және бағалаушылық қызметімен үндеседі.

Ал публицистика сынның талдау, бағалау, ой қорыту тәсілдерін игеру арқылы мазмұндық тереңдікке ие болады. Медиа мәтін құрылымында аналитикалық элементтердің күшеюі журналистиканың мәдени-ағартушылық функциясын арттырады. Нәтижесінде публицистикалық дискурс тек ақпарат жеткізуші құрал емес, мәдени интерпретация жасаушы, қоғамдық санаға ықпал етуші тетікке айналады. Зерттеушілер Унни Фром (From, 2021) мен Йостейн Грипсруд (Gripsrud, 2002) мәдени журналистиканың қазіргі медиажүйеде «эстетикалық бағалау мен қоғамдық талқылауды ұштастыратын гибриді формаға» айналғанын көрсетеді. Осы тұрғыдан қарағанда, әдеби сын – көркемдік-эстетикалық, ғылыми және публицистикалық бастаулар тоғысқан күрделі шығармашылық әрі коммуникациялық сала. Ол медиадағы мәдени дискурсты қалыптастырып қана қоймай, ұлттық руханияттың мазмұнын айқындауға, құндылықтық бағдарларды жүйелеуге ықпал етеді. Демек, әдеби сын медиадағы мәдени мағыналар өндіретін, оларды сараптайтын және қайта ұсынатын интеллектуалдық платформа ретінде қарастырылуы тиіс.

Әдеби сын жанрлық тұрғыдан шекаралық сипатқа ие құбылыс ретінде әдебиеттану мен мәдени журналистиканың тоғысқан кеңістігінде қалыптасады және көркем мәтінді талдау мен оны оқырман санасына интерпретациялау қызметін атқарады. Мәдени журналистика мен әдеби сын функционалдық жағынан өзара сабақтас, бірін-бірі толықтыратын салалар болғанымен, әдеби сынның негізгі таралу және жүзеге асу алаңы мәдени бағыттағы мерзімді басылымдармен тығыз байланысты. Қазіргі журналистикада ақпараттық, публицистикалық, көркем және әдеби сын жанрлары арасындағы шекараның біртіндеп әлсіреуі даниялық журналист-ғалым Нете Нёргорд Кристенсеннің «Әдеби публицистика мен мәдени журналистиканың туыстығы: күнделікті өмір, интерпретация және эмоционалдылық» атты еңбегінде де атап көрсетіледі

(Kristensen, 2022). Мұндай тұжырымдар әдеби сынның ғылыми-теориялық талдау мен публицистикалық баяндаудың қиылысында тұрған күрделі жанрлық табиғатын айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби сын бір жағынан көркем мәтінді эстетикалық және идеялық тұрғыдан талдап, бағалауды жүзеге асырса, екінші жағынан, кең оқырман қауымға бағытталған түсінікті әрі әсерлі баяндау формаларын қолданады. Сондықтан көркем публицистика әдеби сын мен мәдени журналистиканың тоғысындағы интердисциплинарлық зерттеу траекториясының маңызды нысаны ретінде қарастырылады.

Қазіргі таңдағы зерттеулерде мәдени журналистиканың қоғамдық сананы қалыптастырудағы рөлі мен рухани-мәдени құндылықтарды насихаттаудағы қызметі айқындалып, әдеби сынның осы үдерістегі аналитикалық және бағалау функциялары жүйелі түрде талдануда. Сонымен қатар әдеби сынның журналистік форматта жүзеге асу ерекшеліктері, оның жанрлық, риторикалық және этикалық қырлары ашылып, мәдени дискурсты қалыптастырудағы ықпалы ғылыми тұрғыдан негізделеді. (Toktagazin & Omarkhan, 2025; Shyngyssova & Nurshaikhova, 2024)

Көркем публицистика мен әдеби сын өзара синтезделе тоғысып, біртұтас идеялық-эстетикалық жүйе құрайтындығын публицист-ғалым Асқар Егеубаевтың мерзімді баспасөзде жарияланған мақалалары мен сол мақалалар негізінде топтастырылған жинақтарынан көрінеді. Ғылыми айналымда жиі аталып жүретін, осы синтездік сипат айқын байқалатын еңбектерінің қатарына «Сөз жүйесі» (Егеубаев, 1985), «Сыр мен сымбат» (Егеубаев, 1981) сын кітаптары мен кезіндегі мерзімді баспасөздерде жарияланған ғылыми мақалаларын атауға болады. «Сөз жүйесі», «Сыр мен сымбат» – әдеби құбылыстарды эстетикалық талдау мен азаматтық ой-толғам тұрғысынан сабақтастыра қарастырған сын мақалалар жинағы. Бұл сыншылық еңбектерінде көркем мәтінді талдау тек теориялық-эстетикалық деңгейде ғана жүзеге аспай, қоғамдық-әлеуметтік контекстпен тығыз байланыста қарастырылады. Осы арқылы автор әдеби құбылыстарды заман талабымен, ұлттық рухани мүддемен сабақтастыра отырып пайымдайды.

Асқар Егеубаев шығармашылығы медиадағы мәдени дискурс пен әдеби сынның табиғи синтезін танытатын біртұтас интеллектуалдық құбылыс ретінде көрінеді. Қаламгер публи-

цистикаға тән азаматтық пафос пен өзекті қоғамдық мәселелерді көтеру ұстанымын әдеби сынның аналитикалық, бағалаушылық мүмкіндіктерімен ұштастыра отырып, журналистиканың терең талдамалық моделін қалыптастырды. Оның мәтіндерінде айқын авторлық позиция, дәлелді тұжырым және қоғамдық санаға ықпал ету мақсаты басым, бұл публицистикалық сөзді жедел ақпарат кеңістігінен шығарып, мәдени дискурстың маңызды құрамдас бөлігіне айналдырады.

Егеубаев үшін әдеби сын мен публицистика өзара бөлек жанрлар емес, керісінше, медиакеңістікте мәдени мағына тудыратын тұтас жүйе. Әдеби сын көркемдік-эстетикалық құбылысты ғылыми тұрғыдан сараласа, публицистика сол талдауды әлеуметтік контекстке енгізіп, қоғаммен байланыстыратын коммуникативтік арна қызметін атқарады. Осылайша, қаламгердің публицистикалық-сыни мәтіндері мәдени дискурсты қалыптастырушы, бағыттаушы әрі терендетуші құрал ретінде көрініс табады.

Зерттеу нысанына алынған проблемалық мақалалар, эсселер мен әдеби портреттерде ұлттық сана, тіл, мәдениет, тарихи жады және рухани құндылықтар мәселелері медиадағы мәдени дискурс аясында қарастырылады. Бұл тақырыптар әдеби сынның талдау әдістері арқылы терең пайымдалып, публицистикалық өткірлікпен ұсынылады. Нәтижесінде мәтіндер тек эстетикалық бағалау құралы ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырушы және мәдени бағдар ұсынушы ықпалды медиатекст деңгейіне көтеріледі.

Қаламгер мұрасындағы идеялық-эстетикалық мазмұн, тақырыптық-стильдік ерекшеліктер мен ұлттық дүниетаным негіздері кешенді талдау арқылы сараланып, оның мәтіндерінің әлеуметтік-коммуникативтік қызметі айқындалады. Бұл қызмет мәдени құндылықтарды жүйелеу, қоғамдық сананы бағыттау және медиадағы рухани-танымдық кеңістікті қалыптастыру үдерістерімен тығыз байланысты.

Осы тұрғыдан алғанда, Асқар Егеубаевтың публицистикалық және сыншылық мұрасы әдеби сын мен журналистиканың синтезі ретінде бағаланып, ғылыми дәлдік, көркемдік бейнелілік және азаматтық үннің тоғысуымен ерекшеленеді. Бұл синтез қазақ журналистикасындағы аналитикалық бағыттың дамуына ықпал етіп, медиадағы мәдени дискурстың мазмұнын байытқан маңызды рухани-интеллектуалдық феномен ретінде танылады.

Әдебиеттерге шолу

Публицист-ғалым әрі ақын Асқар Егеубаевтың әдеби-сыншылық және публицистикалық мұрасы тәуелсіздік кезеңінде көптеген әдебиеттанушы ғалымдар мен қаламгерлердің назарын аудара бастағаны баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар мен естеліктерден көрініс табады. Осы орайда, С. Қирабаев, Ж. Ерман, Р. Бердібай, З. Ахметов, Р. Сыздықова, Н. Омашұлы, Ә. Ыдырысұлы, Ғ. Есім, т.б. көптеген замандастарының Асқар Егеубаев туралы жазған естеліктері мен зерттеу мақалалары маңызды дерек көзі болып табылады. Мысалы, Зәки Ахметов «Үш таған» атты мақаласында ақын, сыншы және ғалым А. Егеубаевтың шығармашылығын талдай отырып, оны ұлттық әдеби сынның дәстүрін жаңаша жалғастырған тұлға ретінде бағалайды (Егеубаев, 1981). Ал, «Қазақ публицистері» оқу құралына енген «Асқар Егеубаев – публицист, ақын, ғалым, сыншы» атты мақалада оның әдеби сын мен публицистикадағы ұстанымдары, әдіснамалық ерекшелігі жан-жақты қарастырылады (Әділбеков et al., 2010). А. Ісімақованың «Әдебиеттанушы Асқар Егеубай» атты мақаласында Асқар Егеубайтың түркі әдеби мұраларының поэтикасын жүйелі зерделеп, поэтиканың тарихи эволюциясын сипаттағаны және әдебиеттің көркемдік жүйесін талдауы арқылы қазіргі қазақ әдебиетінің поэтикалық заңдылықтары анықталғаны айтылады (Ісімақова, 2025). Сонымен қатар, Ғ. Қабышев «Әдебиетіміздің аласармас асқары еді» жазбасында Асқар Егеубаевты қазақ әдебиеті мен мәдениетінің айрықша жоғары белестеріне көтерілген тұлға ретінде сипаттап, оны ұлттық рухани-әдеби процестің алысармайтын асқар шыңы деп бағалайды. Бұл баға оның поэзиясы, сыншылдық еңбектері және публицистикалық қызметі арқылы көркем сөз бен рухани құндылықтарды ұлттық әдеби дискурста ықпалдастырудағы орны мен ықпалының маңыздылығын көрсетеді (Қабышев, 2020). Соңғы жылдары қазақ әдебиеттану ғылымында А. Егеубаевтың сан қырлы ғылыми ізденістері мен ежелгі түркі мұраларын зерттеуге арналған еңбектерін тың аспектіден талдауға бағытталған ғалымдардың зерттеу мақалаларының жарық көруі назар аударарлық үрдіс болып табылады (Berikkyzy & Kalkabaeva, 2025). Дегенмен де бүгінгі күнге дейін А. Егеубаевтың әдеби сын мен публицистикалық еңбектерін жан-жақты ғылыми тұрғыдан талдаған монографиялық зерттеулер жоқ. Публицист-ғалымның әдеби сыншылығы мен көр-

кем публицистикасының саяси-мәдени контексте зерттелуі әлі толық жүйеленбеген. Ғылыми мақаламызда А. Егеубаевтың жеке жинақтары мен баспасөз беттерінде жарияланған әдеби сын мен көркем публицистика саласындағы зерттеулері – әдеби сын, ғылыми-эссе, әдеби портреттер мен проблемалық мақалалар, т.б. – зерттеу нысанына алынды. Ғылыми-шығармашылық ізденістеріндегі: публицистика мен әдебиеттанудың тоғысқан үлгісін жасау, қаламгерлік пен қоғамды тұтастықта қарастыру, сөз өнерін дүниетанымдық категория ретінде тану, тарихи жадыны жаңғырту мен ұлттық мұраға жанашыр көзқарас қалыптастыру сияқты тың аспектілерді айқындау мақсат етілді. Нәтижесінде А. Егеубаевтың көркем публицистикасы таза ақпараттық немесе эмоционалдық стильмен ғана шектелмейді. Онда ғылыми-теориялық тұжырым мен көркемдік образ қатар жүретіндігі, оның еңбектері публицистика мен әдеби сынның синтезі екендігі тұжырымдалады.

Нәтижелер мен талқылаулар

Асқар Егеубаевтың әдеби сыны мен көркем публицистикасы – өзара тығыз сабақтасып, бірін-бірі толықтырып отыратын біртұтас шығармашылық жүйе. Публицист-ғалым үшін әдебиет – қоғамнан бөлек құбылыс емес, қоғамдық санаға ықпал ететін рухани күш. Публицист ретінде ол әдебиет пен азаматтық ұстанымды қатар алып жүреді. Оның әдеби-сын мақалаларында көркем шығарма тек эстетикалық құбылыс ретінде ғана емес, қоғамдық сана мен ұлттық рухтың көрінісі ретінде талданады. Ал публицистикалық жазбаларындағы тәуелсіздік, ұлттық болмыс, рухани жаңғыру, тіл мен мәдениет төңірегіндегі ой-толғамдары авторлық позиция мен ұлттық мүдденің басымдылығымен айқындалады.

Асқар Егеубаевтың 2000 жылдың 16 желтоқсанында «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік – тұғырың, біліктілік – жұлының» мақаласында «тәуелсіздік» концептісі тек саяси-құқықтық статус емес, этномәдени архетип және экзистенциялық қажеттілік ретінде танылады. «Сахара қазағы ықылымда тәуелді болып көрген жоқ...» деген тұжырымы ұлттық мінездің антропологиялық тұрақтыларын алға шығарса, «Біз үшін: Тәуелсіздік – Ту, Тәуелсіздік – ауа, жер-су...», «Тәуелсіздік – қазақ тірлігінің жұлын-жотасы» түріндегі метафоралық моделдеу тәуелсіздікті өмір сүру медиумына

айналдырып, осы ұғымның семантикалық өрісін кеңейтеді. «Тәуелсіздік көктен түспейді... хатпен келмейді...» деген тезис азаттықтың перформативті табиғатын дәл көрсетіп, «Тәуелсіздік – тұғырың, біліктілік – жұлының» деген қорытындымен құндылық – құзырет байланысын жүйелейді (Егеубаев, 2000: 4).

А. Егеубаевтың мақалаларының тілдік стилі екі жанрға да ортақ: өткір, дәлелді, эмоциялық-экспрессивті сипатта болып келеді. «Егемен Қазақстан» газетінің 2000 жылдың 8 қаңтарында жарияланған «Қауіп-қатерге қазақтың дауасы – ұлттық рух» атты мақаласында: «Күні кеше ат құлағында ойнаған Ұлы сахара жұрты ұстараның жүзінде ойланып тұр...» (Егеубаев, 2000) деп жазады. Көркем публицистикалық стильде құрылған, астарлы мағынасы терең, бейнелі тіркестерге бай бұл сөйлем арқылы Ұлы дала халықтарының бұрынғы қуатты, еркін, батыл кезеңі мен қазіргі қауіпті, күрделі, сын сағаттағы жағдайын салыстыра суреттейді. Қазақ елінің «ұстараның жүзінде ойланып тұрған» кейпін елестете отырып, бүгін өте қауіпті, жауапты кезеңді бастан өткеріп тұрғандығын меңзейді. Қазақ халқының қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге қарсы тұруындағы ұлттық рухтың маңыздылығын бейнелі тіркестермен, эмоциялық-экспрессивтік реңкпен, сергек те отаншылдық пафосқа толы тілмен әсерлі жетізеді. Әсіресе ұлттық намысты дүр сілкіндірген Желтоқсан оқиғасы ұлттық сана мен тәуелсіздікке ұмтылыстың ашық көрінісі ретінде интерпретацияланады. Қазақ халқының қазіргі заманғы қауіп-қатерлерге қарсы тұруындағы ұлттық рухтың маңызы, ал ұлттық рухтың тірегі – жастар екендігі «жаңа бастау» нарративімен түсіндіріледі.

Төлеубай Ыдырысовтың «Шеберлік бастауы» еңбегіндегі публицистиканы әлеуметтік ойдың саяси-көркем прозалық формасы (Ыдырысов, 1984) деп айқындайтын әдіснамалық ұстанымы талдауымызға арқау болып отырған Егеубаевтың «Қауіп-қатерге қазақтың дауасы – ұлттық рух...» атты көркем публицистикалық мақаланың табиғатын аша түсетіндей. Тағы да айтарымыз, онда тәуелсіз мемлекеттің стратегиялық бағдарлары ұлттық рух категориясымен аксиологиялық үйлесімде талданады; ашық экономика мен ықпалдасу векторы өркениеттік шешім ретінде дәйектеледі. Тарихи-салыстырмалы аргументация ретінде Рим тағдырын мысалға алып, мәдени гедонизмнің цивилизациялық энтропияға апаратынын дәлелдейді. Автордың айтар басты түйіні – қазақты сақтап қалатын да,

алға бастайтын да күш – ұлттық рух. Экономикалық, саяси немесе жаһандық қауіптерге қарсы ең сенімді қорған – рухани беріктік, ұлттық сана.

Сергек те заманауи ойдың иесі Асқар Егеубаевтың 2005 жылы «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған «Ұлттық сананың ұлы құбылыстары» атты мақаласында да ұлттық сананың қалыптасуы, өсуі және оның тарихи көріністері туралы ой толғайды. Асқар Егеубай ұлттық сананы тек саяси тәуелсіздікпен шектемей, оны рухани, мәдени, тарихи құбылыс ретінде қарастырады. Қазақ халқының көне дәуірден бергі рухани дүниесін, тарихи сынақтардан өту жолын, тәуелсіздікпен бірге қайта жаңғыруын нақты мысалдар арқылы талдайды. Ұлттық сананың ұлан асуы деген ұғым халықтың өзін-өзі тануы, тарихи жадының оянуы, тілін, дінін, дәстүрін қадірлеуі, рухани тәуелсіздікке жетуі ретінде түсіндіріледі. Ұлттық сананың іргелі құбылыстарын – ел тарихындағы ірі серпілістермен, атап айтқанда, Алаш қозғалысы, тәуелсіздік жолындағы күрестер сияқты тарихи бетбұрыстармен байланыстыра қарастырады. Тәуелсіздікті ұлттық сананың жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне жол ашқан шешуші кезең ретінде айқындай отырып, ұлттық сананы сақтау мен нығайту әрбір ұрпақтың тарихи жауапкершілігі екендігін баса көрсетеді. Ол ұлттық сананы бір сәтте қалыптасып, қатып қалатын құбылыс емес, үздіксіз дамуды қажет ететін рухани үдеріс ретінде пайымдайды. Осыдан туындайтын негізгі тұжырым – ұлттық сана өткеннен бастау алып, бүгінгі болмыста қалыптасып, болашаққа бағыт-бағдар беретін іргелі рухани құндылық.

Асқар Егеубаев аталған еңбектері арқылы оқырманды өз тарихын терең тануға, ұлттық құндылықтарды қастерлеуге және рухани сергектікке ұмтылуға үндейді. «Егемен Қазақстанның» 2002 жылғы 5 сәуірде жарияланған «Мәселе атында емес, затында» мақаласында да: «...исі қазақ баласын кіндігінен жалғайтын, біріктіретін рух – ұлттық әдебиет» деп тұжырымдай отырып, ұлттық әдебиетті халықтың рухани тұтастығын сақтайтын символдық интегратор ретінде бағалайды. Жаһандану жағдайында мәдени кодтың тұтастығын сақтау ұлттық өркендеудің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басты шарттардың бірі ретінде тұжырымдалады (Егеубаев, 2002).

Асқар Егеубаевтың әдеби сын мен көркем публицистикалық мақалаларының тақырыптық ауқымы кең әрі көпқырлы. Соның бірі – қаламгер тұлғасы және шығармашылық феномен. Ол Абай, Ф. Мүсірепов, Мәлік Ғабдуллин, Тұр-

сынбек Кәкішев, Рымғали Нұрғали, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов, т.б. көптеген шығармашылық тұлғалардың әдеби мұраларын тек көркемдік тұрғыдан ғана емес, ұлттық идеяны жеткізуші рухани қайнар ретінде саралайды. Әдебиет пен мәдениеттегі көрнекті тұлғалардың өмірдегі шынайы келбетін сипаттай отырып, олардың ұлт руханиятына қосқан үлесін психологиялық-философиялық ракурста бағамдайды. Әсіресе Абай шығармашылығына қатысты көзқарасында автор тәуелсіздік дәуірінің жаңа рухани талаптарына сай реинтерпретациялық ұстаным танытады.

Хақім Абай туралы қазақ және шетел ойшылдары қалдырған пікірлердің молдығына қарамастан, Егеубаев бұл тақырыпты жаңа ғылыми-теориялық ракурстан қарастырады. Ғалым ұлт даналығының бастауын сыртқы мәдени-өркениеттік ықпалдардан іздеуге бейім үстірт әрі жалған тұжырымдарды дәйекті түрде терістейді. «Абай» журналының 2006 жылғы 1-санында жарияланған «Қара сөздер қадірін түсініп болдық па?» мақаласында: «Абайға келгенде бұл мекерлік қисыны жүре қоймайды...» деп басталатын пайымында Абайдың қара сөздерінің әлеуметтік-психологиялық табиғаты терең ашылып, олардың тарихи-әлеуметтік ортаға тән болмысты дәл танудан туындаған ұлттық сананың феноменологиялық үлгісі екені негізделеді (Егеубаев, 2006: 16-21).

«Ұлттық сананың ұлан асу, ұлы құбылыстары» атты мақаласында Егеубаев XIX ғасырдағы Абай тұлғасы мен одан бес ғасыр бұрын өмір сүрген Асанқайғы бейнесін салыстырмалы-тарихи және когнитивтік тұрғыда зерделейді. Зерттеуші екі ойшылдың дүниетанымындағы рухани сабақтастықты ашып, олардың ой жүйесінде Ел мен Жер концептісінің мемлекеттік сананың іргетасына айналғанын көрсетеді. Автордың пайымдауынша, Асанқайғының Жерұйықты іздеуі – қазақ халқының утопиялық-экзистенциялық арманын бейнелейтін символдық құбылыс болса, Абайдың қоғамдық дағдарыс жағдайында ұлтты жаңғырту жолын іздеуі сол арманның жаңа тарихи-әлеуметтік формада жаңаша мазмұнмен жалғасуы болып табылады. (Егеубаев, 2005) Егеубаев Асанқайғының тарихи-рухани миссиясы отандық ғылымда әлі де толық әрі жүйелі түрде зерделенбегенін атап көрсетіп, оны «дала философы» әрі «рухани көшбасшы» ретінде сипаттайды. Абай мен Асанқайғы арасындағы елеулі хронологиялық алшақтыққа қарамастан, зерттеуші «бес ғасыр – ұлан асу»

метафорасы арқылы олардың арасындағы рухани сабақтастықтың үзілмегенін, қазақ даналығының генеалогиялық жалғастығын ғылыми тұрғыда негіздейді. Аталған тұжырым ұлттық ойлау жүйесінің тарихи эволюциясында үздіксіздік пен сабақтастық заңдылығының айқын көрінісі болып табылады.

Егеубаев тұжырымдамасында Абай мұрасы қазақ халқының ұлттық санасын жаңа сапалық деңгейге көтерген, рухани жаңғыру мен модернизациялық үдерістердің іргелі бастауы ретінде қарастырылады. Абайтану саласында ұзақ жылдар бойы жүйелі зерттеу жүргізген ғалым ақын шығармашылығын халықшылдық, мемлекетшілдік және рухани-этикалық құндылықтар аясында талдай отырып, Абайды әлемдік деңгейдегі ойшылдар қатарына қосуға толық ғылыми негіз бар екенін дәлелдейді.

Қазіргі қазақ әдеби сыны мен публицистикасында тұлғатану мәселесі соңғы жылдары ғылыми тұрғыдан жүйелі түрде зерттеле бастады. Бұл бағыттағы еңбектерде әдеби үдерістегі көрнекті тұлғалардың шығармашылық болмысы, қоғамдық-рухани қызметі мен тарихи-мәдени контекстегі орны кешенді түрде қарастырылады (Beisenova et al., 2025; Қалқабаева et al., 2023; Қалқабаева et al., 2024).

Егеубаев көркем публицистикасының маңызды аспектілерінің бірі – тұлғатанымдық портреттер жасау. Бұл ретте ол әдеби сынның дәстүрлі нормативтік өлшемдерімен шектелмей, ұлттық мәдениет тарихында айрықша із қалдырған тұлғалардың рухани болмысын терең ашуға ұмтылады. Әдебиет пен мәдениет кеңістігіндегі көрнекті қайраткерлердің өмірлік болмысын нақты деректер мен пайымдаулар арқылы сипаттай отырып, олардың ұлт руханиятына қосқан үлесін психологиялық-философиялық қырынан сараптайды. Қаламгер бейнесі мен халық мүддесін біртұтас қарастыру арқылы шығармашылық пен қоғамның байланысын жаңа деңгейге көтереді. Жазушының қоғамдық-әлеуметтік жауапкершілігін ашуға ден қояды. Көркем публицистикалық еңбектерінде әдебиеттану ғылымына тән метатеориялық көзқарас байқалады. Бұл сол кезең үшін сирек құбылыс еді.

Егеубаев шығармашылығында көрнекті қаламгерлерге арналған естелік-талдамалық мақалалар маңызды орын алады. Аталған еңбектер субъективті эмоциялық әсерге емес, ғылыми портрет жанрының әдіснамалық талаптарына негізделгенімен ерекшеленеді. «Кісілік кітабы» ғылыми-эссесінде Ф. Мүсіреповтің тұлғасына

қатысты түйінді, концептуалдық ой айтады. Автор Мүсірепов феноменін жеке жазушылық шеберлік шеңберімен шектемей, оны – «Мүсірепов мектебі – қазақтың даналық, мінез-парасат мектебі» – деп ұлттық рухани-этикалық мектеп деңгейіне көтере бағалайды. (Егеубаев, 1998: 292). Бұл пайым арқылы Егеубаев Ғ. Мүсіреповті тек көркем сөздің хас шебері ғана емес, қазақ қоғамында кісілік мәдениетті, парасат пен моральдық өлшемдерді қалыптастырған рухани ұстаз ретінде сипаттайды. Ғалымның ойынша, Мүсірепов шығармашылығы мен азаматтық болмысы кейінгі буын қаламгерлерге эстетикалық үлгімен қатар, адамдық, этикалық бағдар ұсынған тұтас мектеп қызметін атқарды. Осылайша, Егеубаев Ғабит Мүсіреповтің тарихи-мәдени ролін ұлттық руханияттағы даналық дәстүрдің жалғастырушысы әрі қалыптастырушысы ретінде ғылыми-эсселік формада негіздейді.

Асқар Егеубаевтың «Ақиқат» журналында жарық көрген «Нағыз ғалым деп осындай адамдарды айтуға болады» мақаласы (Егеубай, 1997) Тұрсынбек Кәкішевке арналады. Бұнда ғалым тұлғасы кәсіби біліктілік, ғылыми адалдық және азаматтық жауапкершілік бірлігінде сипатталады. Автор Кәкішевті қазақ әдебиеттану ғылымындағы ақтандақтарды жүйелі түрде зерттеп, архивтік деректерді ғылыми айналымға енгізген табанды зерттеуші ретінде бағалайды. Егеубаевтың пайымдауынша, Т. Кәкішевтің ғалымдық болмысының басты өлшемі – ғылымға деген шынайы адалдық пен принципшілдік. Ол кеңестік идеология шектеулеріне қарамастан, қазақ әдебиеті тарихындағы күрделі әрі бұрмаланған мәселелерді батыл көтеріп, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге ұмтылған зерттеуші ретінде танылады. Бұл тұрғыда ғалымның еңбектері ұлттық ғылымдағы ар-ождан категориясымен тығыз сабақтастырыла бағаланады.

Сонымен қатар Егеубаев мақаласында Т. Кәкішевтің адамдық болмысына да айрықша назар аударады. Ғалымның қарапайымдылығы, кішіпейілдігі, «бала мінезді» тазалығы оның ғылыми кескінін толықтырып, зерттеуші тұлғасының рухани тұтастығын айқындайды. Автор үшін Тұрсынбек Кәкішев – тек кәсіби деңгейі жоғары әдебиетші емес, ғылым мен адамгершілікті қатар ұстаған кемел тұлға, сондықтан да «нағыз ғалым» ұғымының мазмұнын айқын бейнелейтін үлгі.

Асқар Егеубаевтың «Түркістан» газетінде жарияланған «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап» атты мақаласында (Егеубай, 2000) Рымғали

Нұрғалидың ғылыми портреті тұтас, көпқырлы интеллектуалдық тұлға ретінде сомдалады. Автор Нұрғалидың ғалымдық болмысын Абайдың «ақыл – қайрат – жүрек» тұтастығы концепциясымен сабақтастыра отырып, оны қазақ әдебиеттануындағы ой, ерік және рух үйлесімін жүзеге асырған сирек типтегі зерттеуші ретінде бағалайды.

Егеубаевтың пайымдауынша, Р. Нұрғали ең алдымен терең теориялық ойлау қабілетімен, кең тарихи-әдеби эрудициясымен ерекшеленді. Оның әдеби құбылыстарды талдаудағы концептуалдық батылдығы мен методологиялық жаңашылдығы ғалымның «ақыл» категориясын айқын танытады. Сонымен қатар, кеңестік кезеңнің идеологиялық қысымына қарамастан, ұлттық әдебиет мүддесін қорғаудағы табандылығы мен принципшілдігі «қайрат» ұғымымен сипатталады.

Автор Рымғали Нұрғалидың ғылыми еңбектерінен тек академиялық салқындық емес, ұлт тағдырына, сөз өнерінің болашағына деген шынайы жанашырлықты, яғни «жүрек» жылуын да айқын аңғарады. Бұл қасиет оның әдебиетке тек зерттеу нысаны ретінде емес, рухани құндылық ретінде қарағанын көрсетеді. Осылайша, Егеубаев мақаласында Рымғали Нұрғалидың ғылыми портреті ұлттық әдебиеттануда ақыл-парасат, азаматтық ерік және рухани жауапкершілік тұтастықта көрінген кемел ғалым бейнесінде жасалады.

Егеубаевтың «Әдебиет айдыны» газетіндегі Мәлік Ғабдуллинге арналған «Аңыздан туған ұстаз» мақаласында (Егеубаев, 2006) ғалымның тұлғасы көпқырлы, синкретті феномен ретінде пайымдалады. Автор Мәлік Ғабдуллиннің болмысын тек батырлық ерлікпен немесе ғылыми-академиялық қызметпен шектемей, оны ұлттық руханиятты қалыптастырған тұтас тарихи-мәдени тұлға деңгейінде қарастырады. Мәлік Ғабдуллиннің тұлғалық болмысы ерлік, ғалымдық және ұстаздық қырлардың өзара ажырамас бірлігінен тұратын ұштаған миссия арқылы сипатталады. Батырдың соғыс жылдарындағы ерлігі халық жадында аңыздық сипат алғанымен, автор бұл ерлікті кездейсоқ қаһармандық емес, терең ішкі тәрбие мен ұлттық рухтан бастау алатын саналы азаматтық таңдау ретінде түсіндіреді.

Асқар Егеубаев тұлғаларды бағалауда әсіре мадақтаудан бойын аулақ ұстап, әрбірін оның нақты тарихи қызметі мен рухани салмағына сәйкес саралайды. Зерттеуші бір тұлғаны «дана», екіншісін «парасатты», үшіншісін «қайсар рух-

ты» деп даралау арқылы олардың ұлттық әдебиет пен руханияттағы орны мен қызметтік миссиясын дәл айқындайды. «Түркістан» газетінің 24 наурызда шыққан «Аталы сөздің киесі» атты мақаласындағы Мұхтар Мағауинге қатысты айтылған: «...жазушылық қаламды емес, ұлттың рухы мен жан жүйесі түйдектелген рухани-психологиялық ғаламды баққан топтың өкілі» деген терең пайым (Егеубаев, 2005: 7) жазушының шығармашылық әлемін теориялық тұрғыда дәл сипаттайтын тұжырым болып табылады. Бұл бағалау Мағауин феноменін жекелеген көркемдік жетістіктер аясында емес, ұлттық сананың терең қабаттарымен сабақтас тұтас рухани кеңістік ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Егеубаев марапат пен сыртқы даңқты Мұхтар Мағауин болмысына телудің қисынсыз екенін атап өтіп, оның шығармашылық табиғатын ішкі рухани беріктікке, азаматтық позицияға негізделген «мінезді қаламгер» ұғымымен сипаттайды. Осы арқылы автор тұлғаның рухани болмысын этикалық және дүниетанымдық тұтастықта ашып көрсетеді.

2006 жылы «Әдебиет айдынында» жарық көрген «Ұлттық тарихи сана әліппесі» атты мақаласында Асқар Егеубаев Қабдеш Жұмаділов шығармашылығын жанрлық-стильдік жүйе аясында кешенді түрде талдайды. «Көкейкесті» мен «Тағдыр» романдары арасындағы ішкі көркемдік және идеялық байланысқа арнайы тоқталып, әртүрлі тарихи кезеңдер мен қоғамдық формацияларда өрбитін оқиғаларға қарамастан, кейіпкерлер психологиясында сақталған ұлттық мінездің архетиптік сабақтастығын айқындайды. Автордың пайымдауынша, бұл сабақтастық – жазушы прозасындағы тарихи тұлғаның рухани өзегін айқындайтын басты факторлардың бірі. Зерттеуші Қ. Жұмаділов романдарындағы тарихи уақыт пен көркем кеңістіктің өзара сабақтастығын, тұлға мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың эволюциясын талдай отырып, жазушының эпикалық ойлау жүйесінің тұтастығын көрсетеді. Осы арқылы Егеубаев Қабдеш Жұмаділов прозасындағы тарихи-эстетикалық бірлікті, көркемдік дәстүр мен жаңашылдықтың органикалық үйлесімін ғылыми тұрғыда негіздейді.

Жалпы алғанда, Асқар Егеубаевтың көркем публицистикасы мен әдеби сынында тұлғатанымдық желі қазақ руханиятында маңызды орын алған ірі тарихи-мәдени тұлғаларды ғылыми дәлдікпен, терең филологиялық және мәдени-тарихи талдау арқылы бейнелейтін әдеби

портреттердің айрықша үлгісі болып табылады. Автор әрбір тұлғаны дара биографиялық деректермен шектемей, олардың шығармашылық, азаматтық және рухани болмысын ұлттық сана эволюциясымен сабақтастыра қарастырады.

Ал егер Асқар Егеубаевтың тұлғатанымдық публицистикасын мәдени журналистика контекстінде талдайтын болсақ, ол тек әдеби-ғылыми құбылыс қана емес, ұлттық мәдени коммуникацияның маңызды формасы екені айқындалады. Автор тарихи-мәдени тұлғаларды таныстыруда ақпараттық баяндаумен шектелмей, олардың рухани миссиясын, дәуірлік маңызын және ұлттық идеямен сабақтастығын терең зерделейді. Бұл – мәдени журналистиканың басты талаптарының бірі: тұлғаны оқшау феномен ретінде емес, өркениеттік контекстегі мәнімен көрсету. Мәдени журналистика тұрғысынан бұл – «концептуалдық портрет» үлгісі. Осылайша, Асқар Егеубаевтың көркем публицистикасы мәдени журналистикада тұлғаны таныту арқылы ұлттың рухани болмысын жүйелі түрде зерделейтін интеллектуалдық бағыт ретінде бағаланады. Оның әдеби портреттері – тек зерттеу мәтіндері емес, ұлттық сана мен мәдени ойлаудың эволюциясын пайымдайтын концептуалдық мәдени нарратив.

Асқар Егеубаев шығармашылығында сын поэтикасы да – сөз еңбегінің жетекші бағыттарының бірі ретінде айқындалады. Сыншылық мұрасының негізгі бөлігі кеңестік кезеңде қалыптасып, тәуелсіздік жылдарында жекелеген әдеби туындыларға жазылған рецензиялық пікірлермен толыққан. 1980-жылдары жарық көрген «Сөз жүйесі» мен «Сыр мен сымбат» сын жинақтары А. Егеубаевтың бұл саладағы жүйелі ізденісін көрсетеді. Аталған еңбектер қазақ әдеби сынының теориялық және практикалық негіздерін ұштастыра отырып, ұлттық сөз өнерінің көркемдік-эстетикалық деңгейін арттыруға бағытталған рефлексия ретінде бағаланады. Осы тұрғыдан алғанда, Жүрсін Ерманның «Сексенінші жылдар – ұлттық әдеби сында Асқардың дәурені туған жылдар... ұлттық көркем ойдың дамуын жүйелеп, зерделеуге күлаш ұрды» деген пікірі сыншының әдеби процестегі канон қалыптастырушы рөлін айқындай түседі (Ерман, 2000).

Сынның қоғамдық-эстетикалық қызметі мен сыншының кәсіби болмысы туралы мәселе ұлттық әдеби сын теориясында принципті сипатқа ие. Бұл тұрғыда М.Қаратаевтың «Сын жалпақ шешей де, ұрдажық сойыл соғар да, жарамсақта болмау керек» деген тұжырымын Егеубаев

әдеби сынның этикалық-деонтологиялық өлшемдерін айқындайтын базалық қағида ретінде қабылдайды. «Сыр мен сымбат» және «Сөз жүйесі» атты еңбектері осы ұстанымның практикадағы тұтастай іске асқан үлгісі болып табылады. «Сыр мен сымбат» жинағында поэзияның жанрлық-стильдік болмысы типологиялық тұрғыдан талданып, өлең өнерінің ішкі заңдылықтары жүйеленсе, «Сөз жүйесінде» проза мен поэзия мәселелері, әдеби тұлғалар портреті және өзекті әдеби проблемалар жанрлық синтез аясында қарастырылады. Атап айтқанда, «Сыр мен сымбатта» поэзияның автономды табиғаты негізделіп, «Поэзия ережеге табынбайды... Өз заңдылығы, өз табиғаты бар» деген тезис арқылы поэтикалық автономия идеясы теориялық тұрғыдан орнықтырылады (Егеубаев, 1981)

«Сыр мен сымбат» жинағында 1970–1980 жылдардағы қазақ поэзиясының эстетикалық кеңістігі жүйелі түрде сипатталып, поэтикалық құбылыстардың типологиялық картасы жасалады. Бұл еңбекте Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Мұхтар Шаханов секілді ақындардың шығармашылығы идиостильдік қырынан салыстырмалы талдауға түседі. Атап айтқанда, Қ. Мырзалиевтің «Дала дидары», «Жерұйық», «Домбыра» жинақтарына берілген талдауларда ақынның интеллектуалды лирикасы, ойшылдық бағдарымен астасқан кең метафоралық өрісі айқындалады. Ал Т. Молдағалиев поэзиясы лирикалық наррацияның нәзік интонациясымен, сыршыл әуезге бейімділігімен дараланады, мұны сыншы «Тұманбай... нәзіктікті, сыршыл әуенді артық бағалайды...» деген тұжырымы арқылы нақтылайды (Егеубаев, 1981: 127). Сонымен қатар, сыншы Қ. Мырзалиев поэзиясындағы образдық энергетиканы жоғары бағалай отырып, кей тұстарда кездесетін «қисынсыз қайталау, үйлесімсіз тіркестер» тәрізді редакциялық кемшіліктерді де объективті түрде атап көрсетеді (Егеубаев, 1981). Бұл тәсіл Егеубаев сынының мадақ пен міннің арасындағы ғылыми тепе-теңдікті сақтайтынын дәлелдейді. Жалпы алғанда, сыншы поэзияның мәдени-генетикалық жадпен сабақтас дамитынын «Өлең – ... халық рухы. Қазіргі қазақ поэзиясының жаңғырығы, даусы ғасырларға барады» деген қорытынды арқылы түйіндейді (Егеубаев, 1981: 177). Аталған пайым өлеңді тек эстетикалық құбылыс ретінде ғана емес, ұлттық рухани тәжірибені жинақтайтын символдық капитал ретінде де тануға мүмкіндік береді.

«Сөз жүйесі» жинағында проза мен поэзия мәселелері тұлғалық эсселер және әдеби портреттермен ұштасып, тұтас әдеби-эстетикалық дискурс құрайды. Еңбекте Ә. Тәжібаев, О. Сүлейменов, М. Мақатаев сынды қаламгерлердің суреткерлік архитектурасы, яғни көркем ойды ұйымдастыру тәсілдері мен стильдік даралығы жан-жақты ашылады. Осы талдаулар аясында «әдеби сын мұраты әлденені мадақтау не мінеу ғана емес» деген ұстаным ұсынылып, сынның танымдық әрі диагностикалық қызметі теориялық тұрғыдан негізделеді (Егеубаев, 1985: 242).

Сонымен қатар жинақта сол кезеңдегі роман жанрына шамадан тыс әуестену үрдісіне сыни көзқарас білдіріледі. «Біреп әңгіме, одан кейін повесть, роман, кейін «эпопея»... Неге? Еліктеу ме?» деген риторикалық сауал жанрлық дамудың иерархиялық жадын қайта жаңғыртып, әдеби процестегі формалистік еліктеулерді әшкерелейді. Осы тұрғыдан алғанда, Егеубаев шағын әңгімені дербес эстетикалық әлеуеті бар жанр ретінде қорғап, оған «жанрлық құқы бар, классикалық әсем-сымбатты бітімі эпопеяға бергісіз» деген баға береді (Егеубаев, 1985). Мұндай ұстаным микропрозаны көркемдік шеберлікті қалыптастыратын маңызды мектеп ретінде тануға негіз қалайды.

Қорыта айтқанда, Асқар Егеубаевтың сыншылық мұрасы ұлттық әдеби процестің метатілін қалыптастырып, оның өзін-өзі рефлексиялау тетіктерін жүйелі түрде орнықтырған іргелі құбылыс ретінде бағаланады. Ол әдебиеттің идеялық-эстетикалық өлшемдерін жаңаша пайымдап, жанрлық мәдениетті сақтау, оқырман талғамын тәрбиелеу және әдеби канонды іріктеу үдерістерінің теориялық әрі практикалық негіздерін айқындады. Сыншы ретіндегі Егеубаев еңбегі қазақ сөз өнеріндегі сапалық реттеу функциясын атқарып, көркемдік құндылықтарды сұрыптау мен бағалауды мәдени модерация қағидаттары арқылы жүзеге асырды: әлсіз тұстарды дәл көрсетіп, көркемдік биікті айқындау арқылы әдеби кеңістіктің үйлесімді дамуына ықпал етті.

Қорытынды

Публицист-ғалым Асқар Егеубаев шығармашылығындағы көркем публицистика мен әдеби сынның өзара тоғысуы ұлттық руханияттың тұтас бір интеллектуалдық моделін қалыптастырған синтездік құбылыс ретінде айқындалады.

Сөз өнері мен публицистиканы ұлттың тарихи жадымен, қоғамдық сананың эволюциясымен бірлікте қарастыратын авторлық ұстаным оның еңбектерінде теориялық пайым мен көркем ойдың табиғи бірлігін қамтамасыз етті. Жазудың пайда болуынан бастап қазіргі электрондық медиакөністікке дейінгі көсемсөз эволюциясын ұлттық тәжірибемен сабақтастыра зерделеуі Егеубаев публицистикасын кең мәдени-генеологиялық контексте бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында Егеубаев публицистикасының теориялық және практикалық қырлары кешенді түрде талданып, оның қаламгерлік, ғалымдық және сыншылық болмысының тұтастығы нақтыланды. Асқар Егеубаев шығармашылығында әдеби сын мен көркем публицистиканың органикалық синтезі айқын көрінеді. Ғалым әдеби сын мен көркем публицистиканың экспрессивтік мүмкіндіктерін ұштастыра отырып, тұлғалардың тарихи-рухани бейнесін дәл әрі көркемдік тұрғыдан әсерлі түрде ашады. Осы тәсіл арқылы Ғабит Мүсірепов, Тұрсынбек Кәкішев, Рымғали Нұрғали, Мәлік Ғабдуллин, Мұхтар Мағауин және Қабдеш Жұмаділов сияқты ірі тұлғалардың ғылыми, азаматтық және рухани өлшемдері тұтас жүйе ретінде ашылады.

Егеубаев зерттеулерінде тарихи және мәдени тұлғаларды сипаттау ғылыми дәлдікке, терең

филологиялық және мәдени-тарихи талдауға негізделген. Ол әрбір тұлғаның шығармашылық, ғылыми және рухани болмысын кешенді түрде зерттеп, олардың ұлттық санадағы рөлін типологиялық және феноменологиялық тұрғыда ашты. Асқар Егеубаевтың шығармашылығы қазақ әдебиеттануы мен әдеби-көркем публицистикасында тұлғатанымдық бағыттың көрнекті үлгісі болып табылады.

Қорыта айтсақ, А. Егеубаевтың еңбектері ұлттық руханиятты зерттеудің методологиялық және рухани-танымдық құралы әрі тұлға, ұлт және мәдениет арасындағы сабақтастықты айқын көрсететін маңызды ғылыми ресурс болып табылады.

Авторлардың үлесі

Берікқызы Нұрсәуле: Мақаланың бастапқы нұсқасын жазу. Зерттеу жүргізу. Формалды талдау. Әдістеме әзірлеу. Рәсімдеу.

Қалқабая Сәлима Әбдіраманқызы: Ғылыми жетекшілік. Зерттеудің жалпы мақсаттары мен міндеттерін қалыптастыру, дамыту. Деректерді өңдеу және басқару. Тұжырымдама жасау. Мәтінді редакциялау және толықтыру.

Көпбаев Темірғали: Нәтижелерді тексеру. Жобаны орындауды басқару. Мәтінді редакциялау және толықтыру.

Әдебиеттер

- Аскарова, А.Ш., & Оспанова, Г.Т. (2020). Әдеби сынның журналистикамен байланысы. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 178(2), 21–27. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2020.v178.i2.ph3>
- Әділбеков С., Баймолда Д., & Қозыбаев С. (2010). Қазақ публицистері: оқу құралы. – Алматы. Б. 439.
- Weisenova, ZH.S., Gorozhanov, A.I., & Jakipova, G. (2025). The artistic concept of personality in the prose of Alibek Askarov. L.N. Gumilyov Eurasian National University Bulletin. Philology Series, 151(2), 179–192. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-179-192>
- Белинский, В. Г. (1976). Собрание сочинений: в 3 т. – М.: Художественная литература. – С. 925.
- Berikkyzy, N., & Kalkabaeva, S. (2025). The study of the ancient literary heritage in the scientific research of Askar Egeubayev. KazNU Bulletin. Philology Series, 199(3), 164–172. <https://doi.org/10.26577/EJPh2025199315>
- Бөпежанова, Ә. (2021). Мұнара: әдеби көркем сын кітабы. – Алматы: Дәуір. – Б. 327.
- From, U. (2021). Rethinking cultural journalism. Aarhus University. <https://doi.org/10.1007/978-981-15-7474-0>
- Gripsrud, J. (2010). Understanding media culture. Bloomsbury Academic. – P. 330. <https://catalog.libraries.psu.edu/catalog/43199805> <https://catalog.libraries.psu.edu/catalog/43199805>
- Егеубаев, А. (1981). Сыр мен сымбат. – Алматы: Жазушы. – Б. 224.
- Егеубаев, А. (1985). Сөз жүйесі. Сын кітабы. – Алматы: Жазушы. – Б. 272.
- Егеубаев, А. (1998). Кісілік кітабы. – Алматы: Ана тілі. – Б. 316.
- Егеубаев, А. (2000). Тәуелсіздік – тұғырың, біліктілік – жұланың... // Егемен Қазақстан. – 16 желтоқсан.
- Егеубаев, А. (2002). Мәселе атында емес, затында // Егемен Қазақстан. – 5 сәуір.
- Егеубаев, А. (2006). Аңыздан туған ұстаз // Әдебиет айдыны. – 6 сәуір.
- Егеубай, А. (1997). Нағыз ғалым деп осындай адамдарды айтуға болады // Ақиқат. № 9. – Б. 78–80.
- Егеубай, А. (2000). Қауіп-қатерге қазақтың дауасы – ұлттық рух // Егемен Қазақстан. – 8 қаңтар.
- Егеубай, А. (2000). Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстап... // Түркістан. – 2 маусым.
- Егеубай, А. (2005). Аталы сөздің киесі // Түркістан. – 24 наурыз.
- Егеубай, А. (2005). Ұлттық сананың ұлан асуы, ұлы құбылыстары // Абай және ұлттық идея: Халықаралық ғыл.-теор. конф. материалдары. (Алматы, 17 мамыр), – Б. 4.
- Егеубай, А. (2006). Қара сөздер қадірін түсініп болдық па? // Абай. № 1. – Б. 16–21.

- Ерман, Ж. (2000). Асқар асқан асу // Алматы ақшамы. – 29 наурыз. – Б. 4.
- Ісімакова, А.С. (2025). Әдебиеттанушы Асқар Егеубай // Қазіргі әдебиеттанудың теориялық мәселелері. – Алматы. – Б. 289-294.
- Кәкішұлы, Т. (2013). Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана: Фолиант. – Б. 400.
- Kristensen, N. N., From, U., & Haastrup, H. K. (2021). Rethinking cultural criticism: New voices in the digital Age // Springer Nature. <https://researchprofiles.ku.dk/en/publications/rethinking-cultural-criticism-new-voices-in-the-digital-age/>
- Kristensen, N. N. (2022). The kinship of literary journalism and cultural journalism: Everyday life, interpretation, and emotionality. *Literary Journalism Studies*, 14(1), 4. <https://ialjs.org/june-2022-vol-14-no-1/>
- Қалқабаева С.Ә., Алмас Л.А., & Ахмедова Ж.А. (2023). Ә. Нұршайықов прозасындағы шығармашылық тұлға және авторлық концепция // *Eurasian Journal of Philology. Science and Education*, 191(3), 113–122. <https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/4325>
- Қалқабаева, С., Алмас, Л., & Көпбаев, Т. (2024). Ә. Нұршайықов публицистикасындағы авторлық субъективтілік. *Хабаршы. Журналистика сериясы*, 2 (72) 2024, 4–13. <https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v72.i2.1>
- Panasenko, N., & Petrovičová, I. (2024). The narrative in literary journalism // *RUDN Journal of Studies in Literature and Journalism*. 29(1), – P. 103–113. <https://doi.org/10.22363/2312-9220-2024-29-1-103-113>
